

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Музыкалық мектептерге арналған «Этносольфеджио»  
пәні бойынша білім беретін оқу бағдарламасы және  
әдістемелік ұсынымдар**

**Образовательная учебная программа и методические  
рекомендации по предмету «Этносольфеджио»  
для музыкальных школ**

**Астана, 2016**

Музыкалық мектептерге арналған «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беретін оқу бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдар  
– «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016. – 117 б.

Образовательная учебная программа и методические рекомендации по предмету «Этносольфеджио» для музыкальных школ – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» – Астана, 2016 год. – 117 с.

Құрастырушы-авторлар: Файзуллина Жанат Алимқызы, Астана қаласы №1 Балалар музыка мектебінің педагогі.

Авторы-составители:

Файзуллина Жанат Алимовна, педагог Детской музыкальной школы №1 г.Астана.

Рецензенттер:

Әлпейісова Гүлнар Тұяқбайқызы, Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкатану кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты.

Малдыбаева Раушан Сабыржанқызы, Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкатану кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты.

Шегебаев Пернебек, Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкатану кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі.

Рецензенты:

Альпеисова Гульнар Туякбаевна, профессор кафедры музыковедения Казахского национального университета искусств, кандидат искусствоведения.

Малдыбаева Раушан Сабыржановна, профессор кафедры музыковедения Казахского национального университета искусств, кандидат искусствоведения.

Шегебаев Пернебек, профессор Казахского национального университета искусств, кандидат искусствоведения, член Союза композиторов Казахстана.

Музыкалық мектептерге арналған «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беретін оқу бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдар музыка мектептерінің педагогтеріне арналған және оқытудың мақсатын, міндеттерін, мерзімін, мазмұнын, әр сынып бойынша бағдарламалық талаптарды, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды.

Образовательная программа и методические рекомендации по предмету «Этносольфеджио» предназначена для педагогов музыкальных школ и определяет цель, задачи, сроки обучения, содержание, программные требования по каждому классу, ожидаемые результаты освоения учебного предмета, критерии оценок, методическое обеспечение предмета.

*ҚР БЖҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады  
(2016 жылғы 5 мамырдағы №2 хаттама)*

*Рекомендовано Учебно-методическим советом  
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования»  
(протокол от 5 мая 2016 года №2)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016  
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016*

## Мазмұны

1	Түсінік хат	5
2	Бағдарламаны іске асыру шарттары	8
3	Оқу пәнінің мазмұны	12
4	Бірінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	16
5	Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	17
6	Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	17
7	Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	18
8	Бесінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	19
9	Бірінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	19
10	Бірінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер	20
11	Екінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	21
12	Екінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	21
13	Үшінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	22
14	Үшінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	23
15	Төртінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	23
16	Төртінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	24
17	Бесінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	25
18	Бесінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	25
19	Бақылау түрлері және бағдарламын игеру нәтижелерін бағалау өлшемдері	26
20	Әдістемелік ұсынымдар	30
21	Практикалық сабақтардың мазмұны	48
22	Сыныптар бойынша болжамды репертуарлық тізімдер	59
23	Әдебиеттер	64

## Содержание

1	Пояснительная записка	67
2	Условия реализации программы	70
3	Содержание учебного предмета	73
4	Содержание учебного предмета в первом классе	78
5	Содержание учебного предмета во втором классе	79
6	Содержание учебного предмета в третьем классе	79
7	Содержание учебного предмета в четвертом классе	80
8	Содержание учебного предмета в пятом классе	81
9	Примерные программные требования по первому классу	81
10	Ожидаемые результаты освоения программы первого класса	82
11	Примерные программные требования по второму классу	83
12	Ожидаемые результаты освоения программы второго класса	84
13	Примерные программные требования по третьему классу	84
14	Ожидаемые результаты освоения программы третьего класса	85
15	Примерные программные требования по четвертому классу	86
16	Ожидаемые результаты освоения программы четвертого класса	86
17	Примерные программные требования по пятому классу	87
18	Ожидаемые результаты освоения программы пятого класса	87
19	Виды контроля и критерии оценок результатов освоения программы	88
20	Методические рекомендации	92
21	Примерные репертуарные списки по классам	110
22	Литература	115

## **Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

### **1. Түсінік хат**

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқытудың мақсатын, міндеттерін, мерзімін, мазмұнын, әр сынып бойынша бағдарламалық талаптарды, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды.

2. Этносольфеджио пәні қазақтың дәстүрлі музыкасын сақтап қалу және әрі қарай дамыту мәселелерін іс жүзінде шешеді. Әр түрлі орындау дәстүріне, мектебіне және стиліне жататын домбыра күйлері мен әндерін меңгерудің, суырып салуға топтастырып баулудың, күйлер мен әндері нотаға түсірудің әдістемелерін үйретеді.

3. Бағдарламамен анықталатын 5 жылдық оқыту шартты болып табылады. Білім беру мазмұнының жаңартылуының нәтижесі дегеніміз – білім алушылардың меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдану және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін игеру болып табылады.

4. Музыкалық оқыту және тәрбиелеу барысында білім алушылардың негізгі және пәндік құзыреттерін қалыптастыру әр түрлі әдістерді қолдануды талап етеді. Музыкант-педагогтің жұмысында оқыту, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру және бақылау-түзету қызметін атқаратын, барлық жалпыпедагогикалық әдістер қолданылуы мүмкін.

5. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктері, оның табиғи қабілеттеріне тәуелсіз, музыкаға жақындата алатын оқыту әдістері мен құралдарын іздеп табуды талап етеді.

6. Кешендік сабаққа білім алушылардың шығармашылық қызметінің түрлері – вокалдық-интонациялық дағдылар, сольфеджиолау және нота парағына қарап ән айту, метроритм сезімін, музыкалық түйсікті қабылдауды (есту қабілетін талдау), шығармашылық дағдыларды тәрбиелеу, музыкалық диктант, теориялық мәліметтер біріктіріледі.

7. Бағдарламаның мақсаты: қағыс техникасы күрделі, әр түрлі домбыра стильдеріне жататын құрылымдық тұрғыдан күйлердің дамыған буындарын және санқилы ән мектептерінің әуендерін қамтитын диктанттарды жаза білу, күйдің және әннің кез келген бөлігін біртіндеп домбырада және дауыспен дәл орындау.

8. Бағдарламаның міндеттері.

Білім беру:

- 1) музыкалық сауаттылықты оқыту;
- 2) музыкалық орындау саласында арнайы құзыретті қалыптастыру;
- 3) музыкалық шығармаларды жалғыз және ансамбльде сауатты орындауға мүмкіндік беретін домбырада ойнаудың негізгі орындаушылық әдістерін оқыту;
- 4) музыкалық шығармаларды эмоциялық және шығармашылық тұрғыдан орындау дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық:

- 1) балалардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2) композитордың шығармашылық ойын іске асыруға арналған қажетті құрал ретінде орындау техникасын дамыту;
- 3) ойынның техникалық дағдыларын дамыту;
- 4) жеке дара және ұжымда жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Тәрбие беру:

- 1) білім алушылардың әртүрлі халықтың рухани және мәдени құндылықтарын құрметтеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту;
- 2) балаларда коммуникативтік дағдыларды, жауапкершілік сезімін және тәртіпті болуды қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда эстетикалық көзқарастарды, адамгершілік ұстанымдарды және рухани құндылықтармен қатынас жасау қажеттіліктерін қалыптастыру.

9. Сонымен қатар, этносольфеджионың басты міндеттерінің бірі– синкреттік шығармашылық (әңгіме және музыка) өнері ретіндегі дәстүрлі музыканы ауызша қабылдап, қайталап орындап беру дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан аңыз-күйлерді орындау білім алушылардың сыныпта да үйде де орындалатын ең мәнді жұмыс түрі болып табылады. Білім алушылар дәстүрлі музыканы біліп қана қоймай, оны орындап бере алуы тиіс.

10. Бағдарлама білім алушылардың жастық және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға негізгі және пәндік құзыреттілік жетістіктеріне (оқу пәнінің аясында меңгерген айрықша білімді, білікті және дағдыларды) бағытталған.

11. Білім беру бағдарламасының әдіснамалық негізі:

- 1) музыкалық есту қабілетін қазақтың дәстүрлі музыкасын негізге ала отырып дамыту және жетілдіру;
- 2) білім алушылардың домбыралық күйлер мен қазақ өлең-жырларының барлық элементтерін есту арқылы анықтау және ұғыну қабілеттерін тәрбиелеу;

3) қазақ музыкасының ең азық үлгілерімен таныстыру арқылы музыкалық есте сақтау қабілетін дамыту;

4) музыка домбыралық суырып салмашылық өнер қабілетін және оқушының шығармашылық мүмкіндігін дамыту;

5) музыкалық таным және қазақтың дәстүрлі өнеріне деген сүйіспеншілікті дамыту.

12. Оқу материалдарының мазмұнын таңдау мына педагогикалық қағидаттарға негізделеді:

1) табиғи сәйкестік және қолжетімділік қағидаты білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушылардың музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушылардың музыкалық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) шығармашылық қағидаты білім алушылардың қабілеттерін және бейімділіктерін ашып тануды көздейді, өнермен табысудағы жетістік, қуаныш жағдаятын жасауды бағамдайды.

13. Бағдарламаның мазмұны қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдеп-ғұрыптарына, заманауи қазақстандық өнерге негізделеді.

14. Заманауи талаптарға сәйкес, сонымен қатар білім алушылардың бағдарламаға қызығушылығын арттыру мақсатында, музыкалық мектепте интерактивтік білім беру технологияларды ендіруді көздейді.

15. «Этносольфеджио» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес әрбір сыныпта 2 апталық сағатты; жылына 68 сағатты құрайды. Оқыту топтық формаларда жүзеге асады. Әр топта 12-15-ке дейін білім алушылар оқиды.

16. Сабақтардың негізгі түрлері болып түрлі әдістер қолданылатын топтық сабақтар табылады: ойын, көрнекілік (практикалық көрсетілім), ынталандыру және қолдау, салыстыру, сөзбен түсіндіру әдісі. Оқыту үдерісінде диагностикалық әдістер қолданылады: бақылау, әңгімелесу.

Сабақ түрлері:

1) шығарманы талдау, аспапта ойнау дағдылары мен амалдарын игеруден тұратын практикалық сабақтар.

2) дайындық-концерттік сабақтар – бұл жеке концерттік нөмірлерді дайындау және жеке концерттік нөмірлерді көпшілікке көрсету;

3) ойын сабақтары – бұл партияны ең үздік орындауға, партияның нақты жерлерін тез жаттауға арналған байқаулар;

4) саяхат сабақтары: кәсіби және әуесқой ансамбльдердің және орыс халық аспаптар оркестрлерінің концерттеріне бару.

17. Бағдарлама білім алушылармен оқу жұмысының топтық нысанын қарастырады. Топтық жұмыс оқу процесін оңтайландыруға және сабақты жүргізуді жеңілдендіруге мүмкіндік береді. Барлық топпен және бағдарламаның барлық бөлімдерімен үнемі жаппай жұмыс істеу жағдайында ғана білім алушылар білім, білік және дағдылардың кешенін меңгеруі мүмкін, бұл тұтас алғанда оқу процесін дұрыс жоспарлауды және әр сабаққа мұқият дайындалуды талап етеді.

## **2. Бағдарламаны іске асыру шарттары**

18. Осы бағдарламаны іске асыратын негізгі тиімділік көрсеткіштері:

- 1) білім алушыларды аспаптық орындаушылыққа уәждемелеу;
- 2) дарынды балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауы;
- 3) білім алушылардың шығармашылық өзін-өзі танытуы, ұжымдар мен олардың жеке орындаушыларының көрсетілім-байқауларына, фестивальдарға, концерттік-топтық шараларға қатысуы.

19. Дәрісханалық сабақтарды өткізу түрлері: топтық.

Дәрісханадан тыс жұмыстардың түрлері:

- 1) үй тапсырмасын орындау;
- 2) концерттік көрсетілімдерге дайындалу;
- 3) білім алушылардың концерттерге, шығармашылық шараларға қатысуы;

- 4) филармония, театрлар мен мұражайларға және тағы басқаларға баруы.

20. Бағдарламаны меңгеру қорытынды мемлекеттік емтиханмен аяқталады. Бағдарламаны іске асыру шарттары, жұмыс тәртібі қосымша білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерімен анықталады.

21. Бағдарламаны іске асыруда оқытылатын оқу пәнінің бейініне сәйкес арнайы педагогикалық немесе музыкалық кәсіби (орта немесе жоғары) білімі бар педагогикалық қызметкерлермен қамтамасыз етіледі.

22. Бағдарлама жалпы дамытушылық бағытқа ие, түрлі нақыштар мен дәуірлердің музыкаларын, заманауи музыка мен балалар әндері бағдарламаның музыкалық негізін құрайды.

23. Бағдарлама дайындалып отырылған бағдарламаның келешекте жалғасын табуын қамтамасыз етуді және музыкалық өнер саласындағы кәсіби орта білім берудің негізгі кәсіби білім бағдарламаларын ескере отырып әзірленген.

24. Әр жартыжылдықтың басында этносольфеджио пәніне арналған жоспар жасалады және білім беру ұйымының басшысы бекітеді. Әр жартыжылдықтың соңында педагог



тапсырмаларды орындау сапасы мен алдыңғы тізімдердегі бекітілген өзгерістерді енгізеді, ал жылдың соңында оркестр ұжымының музыкалық және техникалық дамуын, үлгерімі мен еңбекке қабілеттілігінің сипаттамасын береді.

25. Пәнжоспарын құру кезінде жылдың басы мен соңындағы сипаттамасына сәйкес жұмысты жоспарлаудың келешегі және ағымдық міндеттері ескеріледі.

26. Жоспарда жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгіш дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшаңдығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды түзету бойынша міндеттер.

27. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, әр баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

28. Педагог бағдарламаның көлемі мен қиындығын репертуарлық тізімге жаңа репертуар енгізе отырып өзгертеді. Репертуарға түпнұсқалық шығармалар, қазақ халық аспаптарына арналған өңдеулер мен заманауи композиторлардың шығармалары кіреді.

29. Педагог дәріс беретін пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеуі, музыкалық педагогика саласында отандық және шетелдік білім берудің озық жетістіктеріне негізделген оқу-білім беру үдерісі технологиясын пайдалана білуі қажет.

30. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдері басқа білім беру ұйымдарымен шығармашылық байланыс орнату үшін жағдай жасауы қажет, оның ішінде ұдайы әдістемелік жұмыс жүргізу, алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды қолдану мақсатында кәсіби байланыстар да орнатуы керек.

31. Әрбір жарты оқу жылдан кейін білім алушыларға баға қойылады. Баға қою үшін негізінен білім алушының аталған кезеңде аспапта ойнау дағдыларын игеру деңгейі, сондай-ақ ынтасы мен тырысуы назарға алынады.

Білім алушылардың бақылау диктантын жазу, сыныптансыныпқа көшіру емтиханын тапсыру нәтижесінде олардың пәнді игеру деңгейі анықталады. Кей жағдайларда төмен баға алған, үлгерімі төмен

балалардың музыка деген қызығушылықтары төмендеп жатады. Бұл кезде педагогтің қолдауы мен көмегі өте қажет. Сондықтан педагог білім алушылардың сабақ үлегірін сабақ барысында ғана қадағалап қоймай, үй тапсырмаларының, өзіндік жұмыстардың үздіксіз, мұқият орындалғанын бақылап отыруы қажет. Себебі, білім алушылардың үлгерімі өзіндік үй жұмысын дұрыс ұйымдастырғанына байланысты. Бастауыш сыныптың білім алушылары үй жұмысын дұрыс орындай алмай, музыкалық аспапқа қызығушылығы төмендейді.

Жоғарғы сыныптың білім алушыларына үй тапсырмасының көлемі және орындайтын жұмыс түрлері түрлендіріледі. Шығарманың орындаушылық туғызатын бөліктерді әр түрлі әдіспен (тасымалдау, штрих пен ырғақты өзгертіп) орындау.

Білім алушының өзіндік жұмысының орындауын тәрбиелеу мен дамыту үшін, оқытушы үй тапсырмасының орындау әдісі мен тәсілдерін түсіндіруі тиіс. Әр сабақта педагог үй тапсырмасын білім алушының орындаушылық қабілетіне қарай өзгертіп отырады. Педагог білім алушыдан үй тапсырмасын сапалы орындауды талап етуі қажет.

Сабақты өткізу барысында педагог білім алушының музыкалық есту және ойлау қабілеттерін, орындаушылық шеберлікті дамыту, үй тапсырмасын орындауды жетілдіруге белсенділік көрсетуі тиіс.

Үй тапсырмасын білім алушы күн сайын орындауы (аптасына 2-4 сағат) қажет.

Педагогиканың дәстүрін, әдістер мен тәсілдерін қолдана отырып, бағдарлама жоспарын орындау үшін, білім алушыға берілген өзіндік жұмыстың көлемі қиын болмауы тиіс. Оқушыға үй жұмысын ұйымдастыруға, дайындалу сағат көлемін үнемдеуге оқытушы көмек көрсетуі қажет. Үй жұмысында тапсырмалар әр түрлі болуы қажет:

үштен бір бөлігі (орындаушылық техниканы жетілдіретін жаттығулар, гаммалар, этюдтарға) бөлінуі тиіс;

жаңа шығармаларды талдау, нота бойынша шығармаларды талдау (читка с листа) (орындаушылық талабы бойынша 2-3 сыныпқа төмен);

дыбыс бойынша жұмыс, педагогтің нұсқауы бойынша техникалық қиындық туғызатын бөліктерді орындау;

музыкалық шығарманы жаттау, концертке дайындау;

бағдарлама шығармасын басынан бастап соңына дейін тоқтамай орындау, оқушы орындаған шығармаларды қайталау.

Үй тапсырмасы білім алушының күнделігінде жазылуы тиіс. Білім алушының үй тапсырмасын сапалы орындауында, күнделіктің жүйелі толтыруында да жатыр.

Үй тапсырмасын сабақтан сабаққа дейін тексеруі мен қадағалауын ата-аналар өткізеді. Педагог білім алушының үйде үй тапсырмасын орындауға жағдайының туғызуын біліп, танысуы керек. Ата-ана мен педагогтің арасында қарым-қатынасы жақсы болуы қажет.

32. Білім алушылардың көпшілік алдында өнер көрсетуі (мектептің есеп беру концерті, байқаулар және тағы басқа) бала үшін сынақ болып табылады.

33. Оқу жылы ішінде этносольфеджио сыныбында 4-6 шығарманы үйреніп шығады, оның біреуінің ірі көлемдегі шығарма болғаны жақсы.

34. Этносольфеджио сабақтарында оркестрде ойнаушы нотаны парақтан оқып үйренеді. Аталған дағдыны біртіндеп және жоспарлы түрде дамыту мақсатында жұмысты орындауға қолайлы болатын тональдықтағы, альтерациялық белгілері аз және ырғақ суреті қарапайым жеңіл шығармадан бастаған дұрыс.

35. Нотаны парақтан оқу барысында орындалатын шығарманың түрі мен мазмұны туралы дұрыс түсінік алу үшін берілген партитураның қарапайым талаптары орындалады.

Пысықталатын музыкалық шығармалардың саны, олардың жанры, түрі, фактурасы мен сипаты бойынша әр түрлі болуы ойнаушының музыкалық ой өрісін кеңейтіп қана қоймай, нотаны парақтан оқу дағдысын дамытады.

36. Шығармаларды талдау және үйрену ерекше зейін қоюды талап етеді, оларды орындау үлкен музыкалық және тәрбиелік маңызға ие және музыкалық ойлаудың дамуына ықпал етеді.

37. Білім беру бағдарламасын іске асыруда жүйелі түрде ғылыми-әдістемелік қызметпен және өз біліктілігін жетілдірумен айналысатын, сабақ беретін пәніне сәйкес арнайы кәсіби білімі бар (орта немесе жоғары) педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі.

38. Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің материалды-техникалық базасы санитарлы және өртке қарсы нормаларға, еңбекті қорғау нормаларына сәйкес болуы қажет.

39. Білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары болып – музыкалық аспаптардың – ұлттық аспапат, аспаптарды күтуге арналған аксессуарлар; CD және DVD-таспаларын тыңдауға арналған құрылғылар; аудио және видео құрылғылары; ноталық әдебиеттер, оқу жинақтары мен құралдары; әдістемелік әдебиеттер; фонотека мен видеотека табылады.

40. «Этносольфеджио» пәні бойынша жүрзілетін сабақтарға арналған кабинеттер жеткілікті дыбыстық оқшауланған, заманауи оқуға қажетті жихаздармен қамтылуы, өз уақытында жөндеуден өтуі қажет. Аспаптарды күйге келтіретін мамандар тұрақты түрде тексеріп тұруы керек.

41. Оқу жоспарындағы «Этносольфеджио» пәнінің оқытудың ұйымдастырушылық формалары: вокалдық-интонациялық дағдылар, сольфеджиолау және нота бетіне қарап ән айту, метроритм сезімін тәрбиелеу, музыкалық түйсікті қабылдауды тәрбиелеу (есту қабілетін

талдау), музыкалық диктант, шығармашылық дағдыларды тәрбиелеу, теориялық мәліметтер.

### 3. Оқу пәнінің мазмұны

42. Оқу пәнінің мазмұны. Топтық оқыту қағидаты әрбір білім алушының табиғи тума нышандары, музыкалық дамуының деңгейіне сәйкес оқу материалдарын өтудің түрлі нысандары, әдістері, қарқынын қолдануды ұсынады.

43. Оқу пәні мазмұнының базалық негізін келесі тақырыптық тараулар көрсетеді:

1-тарау. «Күйлерді аңызымен тыңдау және орындау». Жұмыстың бұл түрі бүкіл пән барысында өткізіледі. Мұнда білім алушылардың назарын музыкалық мәтінмен қатар аңыз мазмұнын меңгеруге аударудың маңызы зор. Келесі кезеңдерде материалды бекіту үшін тыңдалған материал бойынша сұрақ-жауап және викторина сабағын өткізген дұрыс. Музыка тыңдауды сыныпта өткізуге де, өзіндік жұмыс ретінде үйге тапсыруға да болады. Бұл жұмыс барысында білім алушыларға ән-күйлердің аймақтық ерекшеліктері мен жанрларын тыңдап табуды үйрету маңызды болып табылады (оларға қысқаша талдау жасауға да болады). Егер ән немесе күйді орындаушы орындап берсе, орындалған шығармамен байланысты аңызды айтып беру қажет.

2-тарау. «Ән айту және сольфеджиолау». Этносольфеджио пәні барысында ән айту және сольфеджиолау әндерді (әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларын, қара өлеңдерді, авторлық әндерді) сөздерімен және нота көмегімен интонациялауды көздейді. Әнді сөзімен қоса үйреніп болғаннан кейін, оларды «ауыздан» нотаға түсіруді білім алушылар диктант немесе өзіндік диктант түрінде жасап, соан соң әуенін нотамен айту (интонациялау) – дирижерлаусыз жасалады, себебі музыкалық ырғаққа да әсерін тигізетін үндестік (сингармонизм) дирижерлауды қажет етпейді. Ноталардағы тактілеу шартты болып табылады, ол тек қана поэзиялық ырғаққа тәуелді жол, бунақ, фразалардардың шекараларын белгілейді.

3-тарау. «Әдет-ғұрып әндерінің интонациялануы». Әдет-ғұрып әндерінің интонациялауды келесі аталған жанрлар бойынша өткізу көзделеді. Мысалы, жұмысты «сыңсу», «жар-жар» және т.б. үйлену тойы әндерінен бастауға болады, бұл салттың (және басқа да салттардың) контексін оқытушы әндерді меңгеру барысында түсіндіруі тиіс. Әндерді ауызша тыңдатып үйреткен абзал (сөзі мен музыкасын қоса). Алдымен «сыңсу», «көрісу», «арыз өлең», «жар-жар», бесік жырлары, жоқтау, жарапазандардың т.б. қарапайым, оңай үлгілері беріледі де, бірте-бірте олардың күрделі үлгілері беріледі. Өзіндік диктант (сынақхат) ретінде сыныпта ауызша үйренген әндерді кейін (класста, үйде) нотаға түсіріп,

содан соң әуенге сөз мәтінің қондыру (подтекстовка) тапсырмасы беріледі.

4 тарау. «Домбырамен сүйемелдеу». Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі әндердің өзіндік ерекшеліктері бар. Алдымен білім алушыларға өз өңірлерінің халық әндерінің (қара өлеңдердің) белгілі үлгілері, немесе қазіргі кезде бүкіл өңірлерге ортақ Жетісу, Орталық Қазақстан, Алтай қазақтарының әндері беріледі. Мысалы, «Маусымжан», «Дедім-ай-ау», «Шилі өзен», «Әсем әнім сырнайдай», «Гүлдерайым» және т.б. Бұл әндерде домбыра әннің әуенін қайталайды (қосарлайды). Аспапты жақсы меңгермеген білім алушыларға алғашқыда әнді жәй шертіп ойнауға болады. Бірінші кезеңде бұл жұмысты әр сабаққа 1-2 әннен тапсырып, үнемі өткізіп отыру қажет. Батыс өңірінің әндері бөлек тоқталуды талап етеді, онда негізінен домбыраның сүйемелдеуіне баса назар аудару қажет. Әндерді орындау үшін жақсы дикция, өзіндік артикуляция қажет. Аккомпанементте «қара қағыс», «ілке-орама» қағыстар, сонымен қатар, пунктир ырғақтар (пунктирные ритмы) жиі қолданылады. Батыс Қазақстан өңірінің әндері нотаға аз түсірілгендіктен (домбырамен), оларды тиімді үйрену үшін фонохрестоматия мен ауызша диктант жұмыс түрін қолданған дұрыс. «Ақ Айша», «Сәулем-ай», «Айтжан», «Ақ Ерке» (Ғ.Құрманғалиевтің) әндерін және т.б. ұсынуға болады.

5 тарау. «Әртүрлі қағыстары бар ырғақтық формулаларды меңгеру». Музыкалық мысалдарды қолдана отырып, педагог білім алушылармен бірге домбыра музыкасындағы қағыстар мен ырғақтардың негізгі топтарын және олардың терминологиясын анықтайды. Төкпе күйлер дәстүрінде қағыстардың екі негізгі тобы бар, олар – «қара қағыс» пен «ілке қағыс» (шертпе күйлер дәстүрінде қағыс, ырғақ және ладтық жүйе жағынан Жетісу, Қаратау және Арқа локалды стильдерін ажыратады).

6 тарау. «Ән түрлерін талдау». Әндерді талдаудан бұрын қазақтың өлең құрылысына (7) тоқтала кетіп, содан соң ғана барып өлең мен әуеннің өзара бір-біріне сәйкестігін табуға көшкен дұрыс.

Әдет-ғұрып әндерін талдау:

1) орындалатын шығарманың жанрын анықтау;

2) өлең мәтінін талдау:

а) семантикасы;

ә) ықтимал стереотиптерді (жиі қайталанатын тіркестерді) табу;

б) өлеңнің жолындағы буындар саны мен олардың бунақтарға бөлінуін анықтау.

3. Музыкалық құрылымын талдау:

а) әуен диапазонын, оның ладтық – дыбыстық негізін анықтау;

ә) ырғағын анықтау (қосылу, бөліну т.б.);

б) әуеннің ерекшеліктерін анықтау (жатақ, кенет өзгеріссіз, немесе керісінше; жиі немесе сирек кездесетін қайырымдар), әуезді (сазды) немесе речитативті.

4. Одағай сөздердің, буындардың бар-жоғы: бар болған жағдайда неге және не үшін қосылған (белгілі бір сөздің акценттігі, белгілі бір көңілді (эмоцияны) білдіру үшін, жолдың әртүрлі бөліктеріне біркелкілік беру үшін – егер жолдың бірінші бөлігінде сөз көп болып, екіншісінде аз болса, оған одағай сөз қосылады т.с.с.).

7 тарау. «Лирикалық әнді талдау». Лирикалық әнді талдау да осы аталған өлшемдер бойынша жасалады. Оның бір ғана өзгешілігі – мұнда мелодиканың (әуеннің) бірінші жолдан төртінші жолға дейінгі дамуына: диапазонының қалай кеңейетіндігіне, ладтық өзгерістердің бар-жоғына, әннің дыбыстық шыңына (кульминациясына) қалай жетеді – кенеттен бе, әлде бірте-бірте ме және т.б. баса назар аудару қажет.

8 тарау. «Халық-кәсіби әндерді талдау». Бұл жұмыс түрі оқытудың кейінгі кезеңдерінде жүргізіледі.

1) Әннің шығу тарихын анықтау. Өңірі, содан барып оның ерекшелігі де шығады;

2) Әннің жанры мен мазмұнын анықтау (арнау-ән, үндеу-ән, табиғат туралы ән, махаббат туралы және т.б.);

3) Әнде қара өлеңдерден алынған өлең стереотиптерінің бар-жоғын немесе тек қана халық – кәсіби әндер стереотиптерінің болуын анықтау.

9 тарау. «Музыкалық диктант». Музыкалық диктант дегеніміз – осы сольфеджио пәнінің бірден-бір маңызды, басты жұмыс түрі. Музыканы қабылдаудың аналитикалық дағдылары қазіргі домбырашылардың кәсіби жұмысы үшін өте қажет нәрсе, сондықтан оларды дамыту музыкалық тыңдауды тәрбиелеу міндеті кіреді.

Сабақтарда өткізілетін диктанттар музыканттарға үйреншікті тембрмен домбырада ойналады. Материал Батыс және Шығыс Қазақстанның дәстүрлі күйлерін мен қазіргі авторлардың шығармаларын алынады. Этносольфеджио пәні келесі диктанттар түрі қолданылады: өздік диктант, орындаушымен орындалатын диктант.

10 тарау «Сәйкес ладтық бағыттағы әртүрлі форма бөліктерінің үлгілері берілетін диктанттар». Бұл жұмыс түрінің ерекшелігі – білім алушылардың күйді иллюстратордың (орындаушының) бірнеше рет орындағанынан кейін қайталап отыруы және де бұл жерде назарды оқушының жалпы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға, яғни күйдің әуенін ғана емес, қағыстары мен ырғақтарын да дұрыс келтіріп орындауына баса аударған жөн.

11 тарау. Импровизация (суырып салма). Импровизация – этносольфеджио пәніндегі ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі. Испровизация техникасын меңгеру халық аспаптары бөлімдері білім

алушылары үшін ең маңызды нәрсе, себебі импровизация әрқашанда дәстүрлі музыка өнері иелерінің ерекше ойнау формасы болып табылған.

Білім алушылармен ең алдымен «жазусыз мәдениеттің болмысын қамтамасыз еткен канонға айналған форма кестесін, стереотивті ладтық-интонациялық тіркестерді, аппликатуралық – стереотиптік клишелер мен ырғақ формулаларын тануы тиіс».

Ең алдымен Батыс Қазақстандық күйлердің үлгі-кестелерін меңгеру керек, өйткені бұл форма ғасырлар бойы қалыптасып, әмбебап мағынаға ие болған және жалпы тілдік нормалар рөлінде белгілі болып табылады.

12 тарау. «Қағыс-ырғақ формулаларына (ритмоформулы со штрихами) импровизация жасау».

Бұл жұмыс түрі оқу барысында белгілі бір тыңдау және күй тарту тәжірибесі пайда болғаннан кейін, жоғарғы сыныптарда қолданылаы. Алдымен білім алушыларға қара қағыстың әртүрлі қағыстармен және ырғақтармен келетін бірнеше нұсқасын беруге болады. Бұл жерде олардың алдына бас буын мен негізгі буынның ең қарапайым үлгілерін шығарып көру міндетін қою керек.

Содан соң білім алушылар ырғақтық және қағыстық формулаларды қатаң сақтай отырып, орта буын мен саға бөлімдерін шығаруы тиіс. «Қара қағыс» ырғақ формуласының бірнеше нұсқасын меңгергеннен кейін «ілме қағыс» нұсқаларына көшу керек те, жұмысты жоғарыда айтылған тәртіппен жалғастыру қажет.

13 тарау. «Ән импровизациясы». Бұл жұмыс түрін білім алушылар өздері орындауы тиіс. Бастапқы кезеңдерде (1-2сынып) білім алушыларына жинақтардан немесе таспалардан әуендер беріліп, олар сол әуендерге жанрына сәйкес өлең құрауы керек. Ал кейіннен, жоғарғы сыныптарда, керісінше, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырының өлеңі (мысалы, «жар-жар»), беріледі де, оған кіші-гірім диапазондағы өз әуенін шығару тапсырылады. Ең үздік шығармаларды (әуендерді) нотаға немесе магнитофон таспасына түсіріп алуға болады.

«Жар-жар» мәнмәтініндегі импровизацияны қыздар мен жігіттер арасындағы айтыс түрінде де өткізуге болады. Бұл ұжымдық жұмыс түрі. Педагог қыздарға бір әуен, жігіттерге бір әуен береді де, олардың әрқайсысына бір-бір шумақ өлең құрастыруды тапсырады. Бұл айтыс түрі «қайымдасу айтыс» деп аталады.

14 тарау. «Қазақ мәдениетіндегі аспаптық сайысу дәстүрі». Тартыс – аспаптық суырып - салма өнерінің биік түрі. Музыкатанудағы «күй айтысы» деген тіркес аспаптық және ақындық сайыстардың қатар дамып, бір-бірімен туыстастығына меңзеп тұрғандай.

Қазақтың халық аспаптары музыкасының негізі - күй. Ал, күй дегеніміз - адамның жан дүниесіндегі толғаныс-тебіреністерін, тарихи

кезеңдердегі нақтылы оқиғаларды, табиғат болмысындағы көрініс кұбылыстарды, тағы басқа сезімдік әсерлерді музыка тілімен бейнелеп көрсететін, бағдарламалы мазмұны бар, аспаптық шығарма.

44. «Этносольфеджио» пәні бойынша 5 жыл оқыту мерзіміне арналған сағат ауқымы:

Кіріспе –10 сағат.

Күйлерді тыңдау және оларды ауызша саралау (талдау) –78 сағат.

Музыкалық диктант – 126 сағат.

Импровизация суырып салма – 38 сағат.

Теориялық мәліметтер – 38сағат.

Ырғақты-вокалды және сольфеджиолау дағдылары– 20 сағат.

Парақтан оқу– 30 сағат.

#### **4. Бірінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны**

45. Бірінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

*Бірінші жартыжылдық.*

1) Квинта-кварта көлемді саз. Домбыра үлгілерімен жұмыс. Аңыз күйлерін тыңдау, әнгіме-күй түрінде. Қазақтың өлең өлшемдері. 7-8 буынды әндер. Интонациялық-ырғақтық құрылымы. Әлди жанры. Әлди жанрының ырғақтық өлшемдерін жазу, диктант. Ырғақтық жаттығулар. Сыртқы такт (сегіздік, төрттік).

2) До мажор мақам жүйесі. Кіріспе сатылар. Тұрақты сатылардың айналасы. Күйлерді талдау және домбыра аспабымен танысу. Кеңес, Жастар биі. Соль мажор мақам жүйесі. Тактыдан сырт. (Екі сегіздіктер). Әлди жанры. Ән диктанты. Би күйі (ППVV), Қосалқа (ПVPIV) күйлерін тыңдау және талдау. Бақылау сабағы.

*Екінші жартыжылдық.*

3) Өткен материалдарды қайталау. Мажор мақам жүйелері. Жар-жар әндері. Ырғақтық жаттығулар (нүктелі төрттік және сегіздік). Минор сазы. Ре минор, ми минор (Оналтылықтар) Тепен көк. Өлең өлшемдері, Жар-жар. Ре мажор мақам жүйесі.

4) Өлшем 3/4 (Кісен ашқан П. V. V.). Қоштасу жанры. Ән диктанты. 7-8 буынды. Күй жазу. Айнама қалды. Бақылау сабағы. Қайталау. Фа мажор мақам жүйесі. Диктант. Өлшем 4/4. Сыңсу әндері. Ырғақ түрлері.

5) Тасымал. (түсініктеме) Мажор саздары. Минор саздары. Аралық. (түсініктеме). Си бемоль мажор мақам жүйесі. Күйлерді талдау. Өлшем 6/8 (Келіншек). Бақылау сабағы. Диктант. Тест.



## 5. Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

46. Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

*Бірінші жартыжылдық.*

1) Кіріспе. Ұйымдастыру сабағы. Қайталау. До мажор, Соль мажор. Октава көлемінде саздар. 7-8 буынды әндер. Секста көлеміндегі дыбыс қатары. Диктант.

2) Тұсау кесу жыры. Ән диктанты. Өлшем 2/4. Өлшем 3/4. Ырғақтық диктант.

3) Өлшем 4/4. Күй жазу. Минор сазының үш түрі. Т4, Т5 аралықтар. Күйлерде естіп тану. Күй диктанты. Бақылау сабағы.

4) Өткен материалдарды қайталау. Көне домбыра күйлері. Қағыс ерекшеліктері, құрылымы. Қосалқы мақам жүйелері. Фа мажор – Ре минор. Нүктелі төрттік және сегіздік ырғағы. Т1, Т8 аралығы. Кідірістермен диктант жазу. Сыңсу жанры. Әндерді сольфеджиолау. Аралықтардың айналымы. К3, У3 аралығы. Бақылау сабағы.

*Екінші жартыжылдық.*

5) Өткен материалдарды қайталау. Оналтылықтар. Фа мажор мақам жүйесі. К2, У2 аралығы. Ре минор (Шынайы және үйлесімді). Төкпе күйлер. Саздық тірегі. Ырғағы және қағыстары. Бас буын. Ре-ля тірегі. Диктант.

6) Берілген қағысқа күй жазу. Бас буын. Ми – Ля тірегі. Соль мажор – Ми минор. (үш түрі). Ырғақтық диктант.

7) Си бемоль мажор – Соль минор. Әндерді талдау. Орта буын. Си Б – Фа тірегі. Орта буын. Соль – Ре тірегі. Бақылау сабағы.

8) Өткен материалдарды қайталау. Ре мажор – Си минор. Кіші, Үлкен саға. Ре – Ля, Ре – Ре тірегі. Үшдыбыстық. Айналымы. Ауыспалы саз. Канон. Секвенция. Өлшем 6/8. Ән диктанты. Мақам жүйесіндегі аралықтар. Ырғақтық жат жазу. Оналтылық. Бақылау сабағы.

## 6. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

47. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

*Бірінші жартыжылдық.*

1) Кіріспе. Ұйымдастыру сабағы. Қайталау. Қазақ өлең өлшемдері. 11 буынды әндер құрылымы. Лига, Канон. Оналтылықтар топтары. Қара өлең жанры. Мажор мақам жүйелері. Түрлері. Минор мақам жүйелері. Түрлері.

2) 11 буынды диктант. Қара өлеңдерді талдау. Әндету. Қара өлеңдерді әндету. Қайталау. Бақылау сабағы.

3) Өткен материалды қайталау. Қосалқы мақам жүйелері. Қара өлең түрлері. Әндету. Ля мажор – Фа # минор мақам жүйелері. Нота оқу.

Аралықтар. (қайталау). Үштондық (түсініктеме, құрамы.). Вокалдық және аспаптық топтастыру. Ырғақтық жаттығулар. Нүктелі нота. Күй диктанты. Өлшем 4/4 Оналтылықтар. Бақылау сабағы.

*Екінші жартыжылдық.*

4) Қайталау. Үштондық. Диктант. Төкпе күйлер, түрлері. Ырғағы және қағыстары. Құрманғазы күйлері. (талдау). Ми мажор – До # минор мақам жүйелері. Сегіздік және екі оналтылық тобы. Екі оналтылық және сегіздік тобы. Қазақтың өлең өлшемдері, түрлері. Доминантсептаккорд. (түсініктеме, құрамы.) Қара өлең жанры. Тасымал. Ми Б мажор – До минор мақам жүйелері. Әндету. Бақылау сабағы.

5) Қайталау. Қобыз күйлері, Саз ерекшеліктері. Ырғақ түрлері. Өлшем 3/8. Диктант.

6) Ля Б мажор – Фа минор мақам жүйелері. Әндету. Сыбызғы күйлері. Құрамы, саз ерекшеліктері. Ырғақ түрлері. Шығармалардағы К6, У баралығы. Шығармалардағы К7, У7 аралығы. Аралықтар айналымы. Күй диктанты. Үшдыбыстық айналымы. (Мажор және минор).

7) Емтиханға дайындық. Сыныптан сыныпқа көшіру емтиханы. Тест.

## **7. Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны**

48. Төртінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

*Бірінші жартыжылдық.*

1) Кіріспе. Ұйымдастыру сабағы. Қайталау. Қазақтың өлең өлшемдері, түрлері. Мажор мақам жүйелері. Негізгі сатылар. (I, IV, V). Т5/3 айналымы. Минор мақам жүйелері. S5/3 айналымы.

2) Төкпе күйлер. Түрлері. Ырғағы мен қағыстары. Пунктирлы ырғақ. Ми мажор мақам жүйесі. Д5/3 айналымы. Күрделі диатоникалық саз дыбыс қатары. Күй диктанты. Бақылау сабағы.

3) Өткен материалдарды қайталау. Қазақтың лирикалық әндері. Құрылымы, саз ерекшеліктері, ырғақ түрлері. Жанрдың әлеуметтік функциясы. Өлшем 6/8. До # минор.

4) Синкопа ырғағы. Нүктелі төрттік және екі оналтылық ырғағы. Ән диктанты. Үштондық. Мақам жүйесіндегі Т6, Т6/4. Бақылау сабағы.

*Екінші жартыжылдық.*

5) Өткен материалдарды қайталау. Негізгі үшдыбыстықтар. Шертпе күйлер. Құрылымы, саз ерекшеліктері, ырғақ түрлері. Қазанғап күйлері. Ля Б мажор – Фа минор мақам жүйелері. Әндету.

6) Триоль ырғағы. Мақам жүйесіндегі секста аралығы. Мақам жүйесіндегі септима аралығы. Т5/3, S5/3, Д5/3 айналымдары. Мақам жүйесіндегі. Д7. Дәулеткерей күйлері. Бақылау сабағы.

7) Өткен материалдарды қайталау. Си мажор – Соль # минор. Кіріспе 7. Ауытқу және модуляция. Динаның күйлері. Ре Б мажор – Си Б минор мақам жүйесі.

8) Халық әуендерінің саздары. Салт-дәстүр әндері. Пентатоника. (Мажор және минор). Күй диктанты. Тест. Бақылау сабағы.

## **8. Бесінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны**

49. Бесінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

*Бірінші жартыжылдық.*

1) Кіріспе.Ұйымдастыру сабағы. Қайталау. Қазақтың кәсіпқой әндері.

Біржан салдың шығармалары. Ырғақ түрлері. Квинталық шеңбер. Д7 құрамы, айналымдары, байыпталуы.

2) Ақан серінің шығармалары. Ырғақ түрлері. Ауыспалы саз. Ән диктанты.

3) Өлшем 6/8 (оналтылықтар тобы). Ән диктанты.

Ауыспалы өлшем. Бақылау сабағы.

4) Өткен материалдарды қайталау. Жаяу Мұсаның әндері. Құрамы, саз ерекшеліктері. Ауыспалы өлшем. Өлшем 2/4, 4/4. Нүктелі төрттік және екі оналтылық ырғағы. Үйлесімді минордағы. Үйлесімді минордағы ерекше аралықтар. Үйлесімді мажордағы ерекше аралықтар. Естай әндері. Әсет әндері. Майраның әндері. Бақылау сабағы.

*Екінші жартыжылдық.*

5) Өткен материалдарды қайталау. Кіріспе 7 (үйлесімді минорда және мажорда).Эпикалық шығармалар. Құрылымы, саз ерекшеліктері. Ырғақ түрлері.Күй диктанты. Төкпе күйлер.Шертпе күйлер. Диктант.

6) Мақам жүйелерінің әріптік белгілері. Импровизация. Өз күйлерін және әндерін шығару.Энгармонизм. Ән диктанты.

7) Ерекше аралықтар. Д7 айналымдары (дыбыстан). Бақылау сабағы.

8) Өткен материалдарды қайталау. Импровизация.Төкпе күйлер.Күрделі аралықтар. Әндету. Ән диктанты.

Өлшем 6/8 (оналтылықтар тобы).Салт-дәстүр әндерін жаттау. Тест сұрақтары. Күй диктанты.

Интонациялау жұмысы.Бақылау сабағы.Мемлекеттік емтихан.

## **9. Бірінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар**

50. Бірінші сыныпта білім алушылар орындаушылық білігі мен дағдыларын бекіту бойынша, дұрыс орындаушылық мақсат пен түйсікті

қалыптастыру мен дамыту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың осы кезеңінде халық әндері мен күйлерінің шығу тарихы, түрлі дәстүрлі күй мектептер туралы білімдері толықтырылады, ноталық сауатты меңгерудің бастапқы дағдылары бекітіледі, ойын аппаратының дұрыс орналастырылуы мен қойылуын игеру, сондай-ақ, аспап сүйемелімен ән айту үйретіледі.

51. Оқу жылының ішінде білім алушылар әдеп-ғұрып әндерін жатқа айтады (кварта-квинта көлемінде, 7-8 буынды), ән диктантын жаза біледі. Күйлерді тыңдап, құрылысын талдайды. Ауызша әндерді сөзімен қайталайды .

Теория білімі: мажор-минор саздарының айырмашылығын әндерде естиді, жай аралықтар, аралықтар айналымын құрастырады.

Практикалық материалдар негізінде білім алушылар орындалатын пьесалардың жалпы сипаттамасын анықтауға, музыканың мінездемесін айыра алуына, қарапайым шағын пьесалар мен әндерді мағынасына жете отырып және көркемдеп ойнай алуы, сонымен қатар оқытудың бірінші жылындағы бағдарламамен айқындалған ойнаудың қажетті орындаушылық дағдыларын игерулері тиіс.

## **10. Бірінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер**

52. Оқытудың соңында бірінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) квинта-кварта көлемді саз туралы түсініктері қалыптасқан;
- 2) домбыра үлгілерімен жұмыс дағдыларына ие;
- 3) аңыз күйлерді тыңдауды, әңгіме-күй тірінде ойнауды;
- 4) қазақтың өлең өлшемдерін біледі;
- 5) буын және оның турлерін ажырата алады;
- 6) ырқақтарды, оларды әлди жанрында санайды;
- 7) до мажор мақам жүйесін;
- 8) жар-жар әндерін біледі, орындайды;
- 9) музикалық сауатты;
- 10) аспапта ойнау дағдыларына ие;
- 11) әдеп-ғұрып әндерін әндетуді (кварта-квинта көлемінде, 7-8 буынды);
- 12) ән диктантын жаза білуді;
- 13) бесік жыры, жар-жар, тойбастар, беташар туралы түсініктерді;
- 14) қазақ халық күйлерімен танысу;
- 15) күйлерді тыңдау, құрылысын талдау. Мысалы: Кеңес, Жастар биі,  
Қосалқа;
- 16) суырып салу, өз әнін шығару және нотаға түсіру;

17) мажор-минор сазы, жай аралықтар, аралықтар айналымын меңгереді.

53. Бірінші сыныптың аяғында білім алушылардың алған білім, білік, дағдыларын тексеру мақсатын, бақылау диктантын жазады. Олар сабақ барысында үйренген шығармаларын өз беттерімен нотаға түсіреді, сонда-ай олардың орындаушылық қабілеттері де тексеріледі. Бақылаудың нәтижесі бойынша педагог білім алушының бүкіл жыл бойы жинақтаған білім, білік дағдыларын игеру деңгейлерін анықтайды. Қай білім алушының қандай да бір әлсіз жағын анықтап, алдағы жылдары сол олқылықтардың орын толтыру мақсатында білім алушымен жеке жұмыс жасайды, сондай-ақ білім алушының өз бетімен жасайтын жұмыстарына уақытын көбірек бөлуге ұсынымдар айталды.

## **11. Екінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар**

54. Екінші сыныпта білім алушылардың музыкалық-шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту жалғастырылады (музыкалық есту қабілеті, зейін, ойлау, жады), орындаушылық техникалық дағдыларды игеру, музыкалық сауаттылық негіздерінен білімін жетілдіреді, кәсіби терминологияны меңгеру (альтерлеудің қарқыны, серпіні, таңбалары), жоғары дыбыстау бағдары және әуеннің уақытша ерекшеліктері дамытылады.

55. Оқытудың осы сатысында орындаушылық аппаратының орналасуы мен қойылуын тұрақтандыруға жоспарлы және жүйелі әрі қарай да жұмыстарды жүргізу, қол қозғалыстарын түзету, көрікті жүргізу дағдыларын және оның қозғалыс бағыттарын ауыстыруды жетілдіру, орындаушылық аппараттың еркіндігіне бақылауды іске асыру бойынша жұмыстар одан әрі қарай да жалғастырылады.

56. Оқу жылының ішінде білім алушы әдеп-ғұрып әндерін жатқа айтады (секста, септима, октава көлемінде). Мысалы: Тұсаукесу жыры, жарапазан. Көне және төкпе домбыра күйлерін тыңдап және құрылысын талдайды. Ре-ля тірегінде күйлерді жазады. Мысалы: Айжан қыз, Қайран шешем.

Теория білімі. Мажор-минор саздарының үш түрін әндету және ажырата біледі, жай аралықтар, аралықтар айналымын құрастырады.

## **12. Екінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер**

57. Оқытудың соңында екінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) До мажор, Соль мажор, Октава көлеміндегі саздарды орындайды;

- 2) Секста көлеміндегі дыбыс қатарын шығарады;
- 3) әдеп-ғұрып әндерін әндету (секста, септима, октава көлемінде);
- 4) секста, септима, октава түсініктерін;
- 5). көне және төкпе домбыра күйлерін, олардың құрылстарын, оларды түсініп тыңдауды;
- б) ре-ля тірегінде күйлерді жазу. Мысалы, Айжан қыз, Қайран шешем;
- 7) музыкалық теориялық білімі;
- 8) мажор-минор саздарының үш түрін, жай аралықтарды, аралықтар айналымын;
- 9) музыкалық аспаптарды тыңдау және анықтай білуді;
- 10) қағаз бетінен қарапайым ноталық үлгілерді оқи алады.

58. Екінші сыныптың аяғында білім алушылардың алған білімдерін, қалыптасқан дағдыларын тексеру мақсатында бақылау диктанты өткізіледі. Бақылау диктанты барысында білім алушылар халық әндері мен күйлерін тыңдап, нотаға түсіреді. Бақылау бағдарламасын педагог жыл бойы өтілген шығармалардан саралап құрады. Бұл бағдарлама білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Бақылау нәтижесі бойынша білім алушылардың жыл бойы жинақтаған білімдеріне баға қойылады.

### **13. Үшінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар**

59. Үшінші сыныпта педагогтің жұмысы (сөзбен түсіндіру, орындау тәсілдерін көрсету, бағалау өлшемдері, өзіндік жұмысты бақылау) сапалы жаңа сипатқа ие болады және ол білім алушылардың шығармашыл еркін және барынша саналы, тиянақты ойнауына қол жеткізуіне бағытталған. Оқытудың осы кезеңінде білім алушыларда көркемдік мәнерлілік құралдарын ұғына білу білігін қалыптастыру және дамыту қажет, сонымен қатар музыкалық туындылармен жұмыста осы қабілеттерін қолдана білуі тиіс.

60. Көркемдік орындаушылық мақсаттарын түсіне білу білім алушының техникалық дағдыларын жетілдіруден басым болуы тиіс. Негізгі назарды білім алушының шығармашылық бастамашылдығын дамытуға бөліп, оқытудың барлық кезеңдерінде оны белсенді қатысушы ретінде қарастыру.

61. Оқу жылының ішінде білім алушы қара өлең жанрымен танысады, тыңдайды, әндетеді (7+4, 7+4+о.с) , қобыз,сыбызғы күйлерін тыңдап және құрылысын талдайды, аңыз күйлерді әңгімелейді. Аудио және видео-бейне материалдары арқылы қара өлеңдерді тыңдайды. Төкпе күйлерін құрылысын талдап және күй диктантын жазады. Мысалы: Құрманғазы, Дәулеткерей, халық күйлері.

Теория білімі. Үштондық, күрделі аралықтар ережесімен танысады, құрастыра біледі, үшдыбыстықтың төрт түрін әндетеді, негізгі үшдыбыстықтар айналымын құрастырады.

Сыныптан-сыныпқа көшіру емтиханын тапсырады, ән, күй диктантын жазады, мажор-минор саздарын әндетеді, жазбаша тапсырмаларды орындайды, әдет-ғұрып әндерін жатқа айтады.

#### **14. Үшінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер**

62. Оқытудың соңында үшінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қара өлең түсінігін және оларды әндетуді (11 буынды, қара өлең жанры);

2) қобыз, сыбызғы күйлерін тыңдау және құрылысын талдауды;

3) аңыз күйлерді және оларды әңгімелеуді;

4) төкпе күй және оның құрылысы туралы түсінігі;

5) төкпе күйлерді нотаға өз беттерімен түсіруді;

6) Құрманғазы, Дәулеткерей және халық күйлерін жаттау және оларды нотаға түсіру;

7) музыка теориясын меңгеруді жалғастырады;

8) үштондық, күрделі аралықтар, үшдыбыстықтың төрт түрін, негізгі үшдыбыстықтар түсінігін.

63. Үшінші сыныптың соңында сыныптан сыныпқа көшіру емтиханы өткізіледі. Емтихан бағдарламасы бойынша білім алушылардың теориялық білімдері мен практикалық дағдылары тексеріледі.

64. Сыныптан сыныпқа көшіру емтиханының болжамды талаптары: ән, күй диктантын жазу, мажор-минор саздарын әндету, жазбаша тапсырма, теория білімі, әдет-ғұрып әндерін жатқа айту. Емтихан нәтижесінде білім алушылардың үш жыл бойы жинақтаған білім, білік және дағдылары тексеріледі. Үлгерімі жақсы білім алушылар мен үлгерімі төмен білім алушылар анықталады.

#### **15. Төртінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар**

65. Төртінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. Оқу жылының ішінде білім алушы лирикалық әндерді әндетеді (күрделі дыбыс қатарымен танысады). Шертпе күйлерді тыңдап және құрылысын талдайды. Мысалы: Тәттімбет, Байжігіт, Сүгір. 8-9 рет тыңдағаннан төкпе күйлерін жазады. Мысалы: Қазанғап, Дина,

Дәулеткерей. Күй тартысуды үйренеді. Білім алушылар арасында күй тартысын өтеді.

Теория білімі. Доминансептаккорд айналымын әндетеді, халық әуендерінің саздарын тыңдайды, әндетеді, шығармалар ішінде естиді, ерекше аралықтарды құрастырады.

## **16. Төртінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер**

66. Оқытудың соңында төртінші сыныптың білім алушыларды келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) халық және кәсіби музыкасының жанрлық түрлерін;
- 2) қазақ күйшілерінің және қазақстандық сазгерлердің аттарын;
- 3) оқытылатын шығармалардың аттарын, олардың авторларын;
- 4) лирикалық әндерді әндету (күрделі дыбыс қатары, лирикалық әндер);

- 5) шертпе күйлерді тыңдау және құрылысын талдау. Мысалы: Тәттімбет, Байжігіт, Сүгір;

- 6) 8-9 рет тыңдағаннан төкпе күйлерін нотаға түсіру. Мысалы: Қазанғап, Дина, Дәулеткерей;

- 7) күй тартысы туралы мәліметтер;

- 8) білім алушылар арасында күй тартысын өткізу;

- 9) доминансептаккорд айналымы туралы түсініктері болады;

- 10) халық әуендерінің саздары, ерекше аралықтар туралы біледі.

67. Төртінші сыныптың аяғында бақылау диктанты жазылады. Білім алушылар бірнеше рет қайталап тыңдаған әндерін нотаға өз беттерімен түсіреді. білім алушылардың теориялық білімдерімен қатар, практикалық дағдылары да тексеріледі. Сабақ үлгерімдері үздік және төмен балалар анықталады. Бақылау нәтижесі бойынша білім алушылардың кемшіліктері мен жетістіктері талқыланады. білім алушыларға бұдан әрі қай бағытта жұмыс істеу керектігі туралы нұсқаулықтар айтады.

68. Бақылау бағдарламаларын педагог білім алушыларды осы оқу жылында өткен шығармаларды тақырыптарына байланысты сарап алады. осылайша педагог білім алушылардың оқу үлгерімдерін мейлінше толық, нақты тексеруге қолайлы тапсырмаларды тандап алады.



## **17. Бесінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар**

69. Бесінші сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. Оқу жылының ішінде білім алушы халықтық - кәсіпқой әндерін әндетеді. Мысалы, Біржан-сал, Ақан-сері, Жаяу Мұса, Естай, Әсет, Майра.

Эпикалық шығармалармен танысады және құрылысын талдайды, сонымен қатар жатқа орындайды.

Төкпе және шертпе күйлерін нотаға түсіреді. Мысалы: Құрманғазы, Қазанғап, Сүгір, Дина, Байжұма.

Жанынан өз күйлері мен әндерін шығарып және нотамен жазады. Импровизациялауды үйренеді.

Теория білімі. Кіріспе септаккорд, II 7 құрастырады, шығарманың өлшемін анықтап, өлшеміне қарай топтастыруды үйренеді. Мемлекеттік емтихан тапсырады: күй және ән диктантын жазады (20-25 мин), теория білімі бойынша жазбаша 3 тапсырма орындайды, билет сұрақтарына (әдет-ғұрып, лирикалық, халықтық – кәсіпқой әндері, қара өлеңдер, жыр-термелер) ауызша жауап береді.

## **18. Бесінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер**

70. Оқытудың соңында бесінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) өз орындауындағы шығарманың сипатын беруге ұмтылу;
- 2) шыдамдылық, еңбекқорлық, бастаған істерін аяқтауға ұмтылу;
- 3) музыкалы сауаттары одан әрі жетілдіру;
- 4) теориялық білімдерін толықтыру;
- 5) халықтық - кәсіпқой әндерін әндету. Мысалы, Біржан-сал, Ақан-сері, Жаяу Мұса, Естай, Әсет, Майра;
- 6) эпикалық шығармалармен танысу және құрылысын талдау, сонымен қатар жатқа орындау;
- 7) төкпе және шертпе күйлерін нотаға түсіру. Мысалы, Құрманғазы, Қазанғап, Сүгір, Дина, Байжұма;
- 8) өз күйлері мен әндерін шығару және нотаға түсіру;
- 9) импровизация қабілеттерін дамыту;
- 10) күй тартысын өткізу;
- 11) септаккорд, II 7, шығарманың өлшемін анықтап, өлшеміне қарай топтастыру.

71. Бесінші сыныптың соңында түлектер мемлекеттік емтихан тапсырады. Мемлекеттік емтихан талаптары: күй және ән диктантын жазу (20-25 мин), теория білімі бойынша жазбаша 3 тапсырма, билет

сұрақтары (әдет-ғұрып, лирикалық, халықтық – кәсіпқой әндері, кара өлеңдер, жыр-термелер.)

## **19. Бақылау түрлері және бағдарламаны игеру нәтижелерін бағалау өлшемдері**

72. Білім алушылардың бағдарламаны игеру нәтижелерін бағалау өлшемдері және бақылау түрлері. Әр сыныптың бағдарламалық талаптарына сәйкес жыл сайын сыныптан сыныпқа көшіру емтиханы диктант жазу, ауызша интонациялау, теориялық жазбаша жұмыстары арқылы бағаланады, әр тоқсан соңында бақылау, тестілеу немесе үлестірмелі жұмыстар негізінде қорытынды баға қойылады.

73. Білім алушылардың үлгерімі есепке алынып отырады. Білім алушының жетістіктері музыкалық – теориялық олимпиадалар мен байқауларда есепке алынады.

74. Аралық бақылау мен мемлекеттік емтихан қорытындылары бойынша білім алушыларға мектепті бітіру туралы куәлікке енгізілетін баға қойылады.

75. Аралық бақылау мазмұны, оны өткізу шарттары, аралық бақылау және білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды бағалаудың өлшемдерін мектептің өзі әзірленеді және Педагогикалық кеңеспен бекітіледі.

76. Қорытынды аттестаттау: 1) этносольфеджио пәнінен мемлекеттік емтихан өткізіледі. (жазбаша, ауызша тапсырмалар).

77. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың мазмұнына қойылатын талаптар және қорытынды аттестаттауды бағалаудың өлшемдерін мектеп өзі анықтайды.

78. Бітіру емтиханының қорытындысы бойынша 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлық емес) бағалары қойылады. Бітіру емтихандары уақыт аралығындағы екі күнтізбелік күннен кем болмайды.

79. Қорытынды аттестаттаудан дәлелді себептермен өтпей қалған білім алушылар (сырқаттануына немесе басқа да төтенше оқиға, жағдайға байланысты) қорытынды аттестаттауды дәлелденген себептері болуын растайтын құжаттың берілген күнінен төрт айдан кешіктірмей өту мүмкіндігі беріледі.

«5» бағасы («өте жақсы»): музыкалық шығарма мазмұнының бейнелік-мәнерлілік түсіндірмесі; нысан сезімін иланымды түрде ұғу; шапшандықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; ырғақтық пульсацияның айқындығы; динамикалық көптүрлілік; өз орындауын естіп бақылау; орындау техникасын еркін меңгеру; әртістік және ойнауға берілгендік.

«4» бағасы («жақсы»): шығарманың нысанын, музыкалық тілді, музыкалық мәнерліліктің құралдарын сауатты түсіну; ноталық мәтінді орындаудың тұрақтылығы; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; динамикалық көптүрлілік; жеткіліксіз түрде естіп бақылау; сахнада психологиялық жағынан өзін-өзі ұстаудың тұрақсыздығы.

«3» бағасы («қанағаттанарлық»): авторлық ноталық мәтінді музыканы бейнелік пайымдаусыз үстіртін оқу; өз орындауын нашар естіп бақылау; шапшаңдық-ырғақтық жинақы еместік; дыбысталудың динамикалық біртектілігі және бірсарындылығы; сахнада тұрақсыз психологиялық жай-күй.

«2» бағасы («қанағаттанарлық емес»): ноталық мәтінді ойнаудағы қателіктер; метрлік-ырғақтық тұрақсыздық; естіп бақылаудың жоқтығы; дыбыс шығару және дыбыс танудың төменгі сапасы; мәнерлілік түсіндірменің жоқтығы; орындау кезіндегі жиі тоқтаулар.

80. Музыкаға оқыту және тәрбиелеу үдерісінде түйінді және оқу-танымдық (пәндік) құзыреттерінің қалыптасқан өлшемдерін анықтауды болжайды.

81. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің жоғарғы деңгейі мыналармен сипатталады:

1) музыка туралы жүйелі білімдерді жинақтауда анық көрінетін қызығушылық; шеберлікпен шығармашылық ойлау; музыка туралы көзқарастардың және пікірлердің кеңдігі мен тереңдігі;

2) музыканы және оған әсершіл көзқарасты айқын түрде қажетсіну; дүниені ерекше сезіну; ашық көрінетін эмпатия;

3) музыка құралдары арқылы дүниені тану мақсатына жетуде анық байқалатын қажырлылық, өзіндік рефлексияға ерік таныту; рухани дамуда ерікті табандылық;

4) біртұтас дүниетаным; мінез-құлық және өмір салтында көрінетін оң рухани-адамгершілік сенімдер; «парасаттыны, ізгіні, мәңгіні» жеткізуге ұмтылыс.

82. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің жеткілікті деңгейі мыналарды көздейді:

1) музыкаға тұрақты қызығушылық; когнитивті аясының дамуы; көзқарастар мен пікірлерді дәлелдей алу;

2) айқын көрінетін музыканы қажетсіну; белсенді әсершіл қабылдау; ашық көрінетін эмпатияға бейімділік;

3) тұлғаның білім, іскерлік, дағдыларын, эстетикалық эмоциялардың спектрін кеңейтуге және тереңдетуде анық байқалатын талпынысы; өзіндік талдау жасауға ұмтылыс; рухани дамудағы табандылық;

4) дамыған музыкалық-көркемдік ой-өріс; «музыканың білімді насихаттаушысы» болуға ұмтылыс; музыкалық-эстетикалық және әдептік ұстанымдардағы сенімділік.

83. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің орташа деңгейі:

1) музыкаға жағдаятты қызығушылық, музыкалық-эстетикалық және әдептік көзқарастардың, пікірлердің тұрақсыз бағдарланушылығымен белгілі бір білімдердің бар болуы;

2) музыканы қажетсінудің жағдаятты көрінулері және әсершіл қабылдаудың тұрақсыздығы; эмоциялардың нашар дамығандығы; эмпатиялық жағдаяттың көріністері;

3) музыкалық қызметте білім, дағды, біліктің эстетикалық эмоцияларды жинақтауға жағдаятты ұмтылыс; өзіндік талдамға ерікті араласуының жеткіліксіздігі; рухани дамудағы енжарлық;

4) музыкалық қызметте білім, дағды, біліктердің аз қоры; музыкалық талғамдардың, бағалаудың тұрақсыздығы; рухани-адамгершілік сенімдердің және тұлға ұстанымының тұрлаусыздығынан көрінеді.

84. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің төмен деңгейі оның барлық құрамдас бөліктерінің түрлі дамуымен ерекшеленеді:

1) оқуға және білімдерді жинақтауға қызығушылықтың жоқтығы; когнитивті аясының - қабылдаудың, зейіннің, қиялдың, естің, ойлаудың жетілмегендігі; музыка туралы көзқарастар мен пікірлердің тұрлаусыздығы;

2) музыканы қажетсінудің жоқтығы және оны қабылдаудағы әрекетсіздік; эмоциялық дүниенің жұтаңдығы; эмоциялық «саңыраулық»;

3) музыканы тануға жігерліліктің болмауы; өзіндік рефлексияға еріктің болмауы; рухани дамудағы байыпсыздық және әрекетсіздік;

4) музыкалық қызметте жүйелі білім, дағды, біліктердің жоқтығы; баға берудің екі бір-біріне қарама-қайшы кереғарлық: «ұнайды – ұнамайды»; рухани-адамгершілік сенімдердің жоқтығы.

85. Оқыту және тәрбиелеу жүйесін жүзеге асырудың педагогикалық нәтижесі білім алушылардың музыка туралы, өмір туралы білімдерінің, көзқарастарының және пікірлерінің жүйелілігін, кеңдігі мен тереңдігін; музыканың, өмірдің эмоциялық бірге әсерленушілік– эмпатиясын рухани қажетсінуді; ерік, мінездің қалыптасу, музыкалық-эстетикалық талғамдарды және адамгершілік сенімдерді; рухани-адамгершіліктік жүріс-тұрыс және өмір салтын анықтайды.

86. Осылайша, білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің арасындағы байланыс тек қана «жүз пайыздық хрестоматиялық жылтырақ» деп аталатын білім алушылардың білім, дағды, біліктерін ғана көрінбейтін, сондай-ақ, рухани тұғырдағы өмірді сергек құлақпен тыңдай алу, дүниенің, музыканың, шығармашылықтың

әсемділігіне қайран қалу; эмоциялық дүниенің, көзқарастардың, пікірлердің дамығандығы, бағалар мен сенімдер дәлелділігі, өмірде «парасаттыны, ізгіні, мәңгіні» таратуға ұмтылу және сол арқылы әрдайым рухани емес қоршаған дүниенің шындықтарына ықпал жасау музыкалық оқыту және тәрбиедегі күтілетін нәтижеболады.

87. 3-сынып білім алушыларына этносольфеджио пәнінен сыныптан сыныпқа көшіруге арналған емтихан талаптары.

Жазбаша жұмыс түрлері.

1) Бірінші сұрақ. Күй диктанты (Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Қазанғап, Есбай, Күмісбеков, халық күйлерінен үзінді: 10-12 такт, өлшем: 6/8, 5/8, 4/4, 3/4) немесе ән диктанты (қара өлең).

2) Екінші сұрақ. Естіп талдау (Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Күмісбеков, халық күйлерін 3 рет тыңдағаннан кейін тест арқылы талдау).

3) Үшінші сұрақ. Тест сұрақтары (25 сұрақ, 1 нұсқа).

4) Төртінші сұрақ. Ауызша жұмыс түрі. Билет сұрақтары (25 билет, берілген әнді әндету және талдау).

88. 5-сынып білім алушыларына арналған этносольфеджио пәнінен мемлекеттік емтихан талаптары.

1) Жазбаша жұмыс түрі. Күй диктанты (Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Қазанғап, Есбай, Сүгір, Боғда, Күмісбеков, халық күйлерінен үзінді: 10-12 такт, өлшем: 6/8, 5/8, 4/4, 3/4) немесе ән диктанты (қара өлең).

2) Естіп талдау (Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Қазанғап, Есбай, Сүгір, Боғда, Күмісбеков, халық күйлерін 3 рет тыңдағаннан кейін тест арқылы талдау).

3) Тест сұрақтары (16 сұрақ, 1 нұсқа).

4) Ауызша жұмыс түрі. Билет сұрақтары (25 билет, берілген әнді әндету және талдау).

89. Этносольфеджио сабағы бойынша халық аспаптар бөлімінің 5-сынып білім алушылар арасында «Қасиетті домбыраның сиқырлы үні» атты олимпиада өткізудің тәртібі және нұсқауы:

1) мақсаты: қазақтың дәстүрлі күйлерімен өлең жырларының барлық элементтерін есту арқылы анықтау және ұғыну қабілеттерін тәрбиелеу, оқушының шығармашылық мүмкіндігін дамыту, қазақтың дәстүрлі өнеріне деген сүйіспеншілікті дамыту;

2) олимпиадаға қатысатын халық аспаптар бөлімінің 5-сынып білім алушылары;

3) 1 тур. Күй диктантын жазу (бас буын – Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Қазанғап, Есбай, Боғда, Күмісбеков, халық күйлері). Берілген қағысқа (П П V П V) ауызша сәйкес күй шығару (бас буын). Естіп талдау жұмысы (күйді 3 рет тыңдағаннан кейін тест арқылы талдау).

4) II тур. Күйді толық шығарып, нотаға түсіріп тапсыру.

90. Білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер. «Этносопфеджио» пәні бойынша сабақ жүргізу жүйесі білім алушыларға есту, музыкалық есте сақтау, дауыс, ырғақ пен пішін сезімі, бейнелі-сезімді ойлануды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылар білім алу үрдісінде музыкалық шығармаларды тереңінен қабылдауға және тыңдау талғамына ие болады, кәсіби колледждерге түсу үшін негізгі теориялық-музыкалық білім алып, шығармашылық дағдылары қалыптасады, музыкалық талғамның толыққанды дамуына орай бүгінгі әлемнің музыкалық құбылыстарын дұрыс бағалау қабілетіне ие болады.

## 20. Әдістемелік ұсынымдар

Бағдарламаның мазмұны жалпы методологиялық қағидаттарға негізделеді:

- 1) оқу материалдарының білім беру сипаты;
- 2) оқу материалының практикамен байланысы;
- 3) оқу материалының негіздері және жүйені құру сипаты;
- 4) оқытылатын курстардың кіріктірілуі;
- 5) оқу материалдарының дамыту сипаты;
- 6) аралық пәндердің өзара байланысы және өзара шарттылық.

Бағдарламаны құру және іске асырудың негізгі қағидаттары:

- 1) қолжетімділік және реттілік;
- 2) жүйелілік;
- 3) ғылымилық;
- 4) өзектілік;
- 5) жас ерекшеліктерін ескеру;
- 6) білім беру процесінің қатысушыларының саналылығы және белсенділігі;
- 7) саралап оқыту;
- 8) көрнекіліктер;
- 9) теория мен практиканың байланыс қағидаттары;
- 10) оқыту компоненттерінің дамытушылық және тәрбиелілік компонентпен үйлесімділігі;
- 11) мазмұнының түрлілігі, тақырыптардың түрлілігі, педагогтың шығармашылығы;
- 12) ойын - педагогикалық әсер етудің бір жолы.

Балалардың білім, білік және дағдыралды игеруі, шығармашылық қызмет тәжірибесін алуы сияқты жалпы дамытушылық бағыты осы бағдарламаның ерекшелігі болып табылады.

Бағдарлама білім алушылардың:

- 1) оқу материалалын игеруге;
- 2) өзінің үй жұмысын жоспарлай білуге;

3) өз еңбегіне объективті баға бере білуге;

4) білім беру процесінде педагог пен білім алушылардың арасындағы өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға әсер ететін жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағдарланған.

Сабақтардың бағдарламасы білім алушылардың практиканы теориялық біліммен бір уақытта алатындай етіп құрылған, сабақтардың бұлай құрылуы өте жемісті және мақсатты болып табылады.

Оқу барысындағы пікірталас танымдық қызығушылыққа итермелейді, білім алушыларды қандай да бір мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарасты белсенді талқылауға баулиды, өзгелердің дәйектері мен өз көзқарасына деген түрлі тәсілдерді түсінуге итермелейді. Білім алушыларға ойлауды, сөз таластыруды, өзінің дұрыс екендігін дәлелдеуді үйретеді.

Әңгімелесудің элементтері бар дәріс - әр тақырып бойынша мейлінше күрделі және маңызды сұрақтарды білім алушылармен жалпы талдағандықтан, алдыңғыларға қарағанда тиімді әдіс болып табылады.

Этносольфеджио пәнінің негізгі жұмыс түрлеріне «Күйлерді аңызыменен тыңдау және орындау», «Ән айту және сольфеджиолау», «Талдау», «Диктант» «Шығармашылық» жатады.

Күйлерді аңызымен тыңдау және орындау. Бұл жұмыс түрі бүкіл пән барысында өткізіледі. Мұнда білім алушылардың назарын музыкалық мәтінмен қатар аңыз мазмұнын меңгеруге аударудың маңызы зор.

Келесі кезеңдерде материалды бекіту үшін тыңдалған материал бойынша сұрақ-жауап және викторина сабағын өткізген дұрыс. Музыка тыңдауды сыныпта өткізуге де, өзіндік жұмыс ретінде үйге тапсыруға да болады.

Жұмыс барысында білім алушыларға ән-күйлердің аймақтық ерекшеліктері мен жанрларын тыңдап табуды үйрету маңызды болып табылады (оларға қысқаша талдау жасауға да болады). Егер ән немесе күйді орындаушы орындап берсе, орындалған шығармамен байланысты аңызды айтып беру қажет.

Этносольфеджионың бір міндеті – синкреттік шығармашылық(әңгіме және музыка) өнері ретіндегі дәстүрлі музыканы ауызша қабылдап, қайталап орындап беру дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан аңыз-күйлерді орындау білім алушылардың сыныпта да үйде де орындалатын ең мәнді жұмыс түрі болып табылады. Білім алушылар дәстүрлі музыканы біліп қана қоймай, оны орындап бере алуы тиіс.

Бұл жұмыс түрін өткізу үшін білім алушылардың өз репертуарындағы күйлерді қолданған дұрыс, себебі күйдің аңызын немесе шығу тарихын әңгімелеу тек әдеби материалдың меңгерілгенін(әдебиетті оқып, конспектілеу) ғана емес, оқушының күйдің сюжетін толық және қызықты айтып беру қабілетін де,

тыңдаушының жан-дүниесін тебіренге алу қабілетін де аңғартады. Халық өнері дәстүрінде аңыз-күйлерді орындау өте маңызды коммуникативті акт болып табылғандықтан, білім алушылар осындай орындау дағдысын меңгеруге тырысуы керек.

Бұл коммуникативтік актінің нақты көрсетіліміне (инсценирование) күйдің орындалуын жүргізуші (режиссерлеуші) ретінде педагогтың да, тыңдаушы-сарапшылар ретінде күй аңызын толықтырып, орындаушы оқушының қателерін түзеп немесе аңыздың басқа нұсқасын келтіріп, әңгімені сапалық жағынан жақсартып отыратын білім алушылардың да қатысуының маңызы өте зор. Кейде бұл жұмыс түрі шығармашылық, жанр немесе орындаушылық дәстүрге байланысты бір мәселені талдауға ұласуы да мүмкін.

Сонымен, бұл жұмыс түрі барысында білім алушылар міндетті түрде күйдің аңызын қоса айтып отырып, еркін қарым-қатынаста күйлерді өзіндік табиғи өнер ретінде орындауды үйренеді, күйшілік өнерінің (басқа халықтардың аспаптық өнері емн жанрларымен салыстырғанда) айырмашылығын біледі.

Ән айту және сольфеджиолау. Этносольфеджио пәні барысында ән айту және сольфеджиолау әндерді (әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларын, қара өлеңдерді, авторлық әндерді) сөздерімен және нота көмегімен интонациялауды көздейді. Әнді сөзімен қоса үйреніп болғаннан кейін, оларды «ауыздан» нотаға түсіруді білім алушылар диктант немесе өзіндік диктант түрінде жасап, соан соң әуенін нотамен айту (интонациялау) – дирижерлаусыз жасалады, себебі музыкалық ырғаққа да әсерін тигізетін екпінсіздік (сингармонизм) дирижерлауды қажет етпейді. Ноталардағы тактілеу шартты болып табылады, ол тек қана поэзиялық ырғаққа тәуелді жол, бунақ, фразалардың шекараларын белгілейді.

Нотаны қағаз бетінен оқу техникасы бірінші сыныптан бесінші сыныпқа дейін оқыту және оқытушымен жүйелі түрде қадағаланып отырылады. Нотаны қағаз бетінен оқу дағдысын қарапайым әндерді нотаға түсіруден басталады.

Нота бойынша орындалатын шығармалар орындайтын шығармалардың репертуары қызықты, орындаушылық қабілеттеріне байланысты болып іріктелінуі тиіс (пьесаның күрделілік дәрежесіне қарай 1,2 сыныпқа төмен болуы мүмкін).

Нота бойынша шығармаларды талдаудың алдында ауызша талдау – мақамды анықтау (кілт белгілері-альтерация), көлем, екпін және шығарманың сипаты, серпінділік белгілері және агогика (шығарманың ішіндегі жылдамдық өзгерістері) анықталады.

Нота бойынша шығармаларды талдау жұмысын өткізу барысында, білім алушы ноталардан көзін алмай қарап орындауы қажет.



Нотабойынша шығармаларды талдау жұмысын ансамбль мен оркестрде жалғастыруға болады.

Әдет-ғұрып әндерінің интонациялануы. Әдет-ғұрып әндерінің интонациялауды келесі аталған жанрлар бойынша өткізу көзделеді. Мысалы, жұмысты «сыңсу», «жар-жар» және т.б. үйлену тойы әндерінен бастауға болады, бұл салттың (және басқа да салттардың) контексін оқытушы әндерді меңгеру барысында түсіндіруі тиіс. Әндерді ауызша тыңдатып үйреткен абзал (сөзі мен музыкасын қоса). Алдымен «сыңсу», «көрісу», «арыз өлен», «жар-жар», бесік жырлары, жоқтау, жарапазандардың т.б. қарапайым, оңай үлгілері беріледі де, бірте-бірте олардың күрделі үлгілері беріледі. Өзіндік диктант (сынақхат) ретінде сыныпта ауызша үйренген әндерді кейін (класста, үйде) нотаға түсіріп, содан соң әуенге сөз мәтінің қондыру (подтекстовка) тапсырмасы беріледі.

Домбырамен сүйемелдеу. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде әндердің өзіндік ерекшеліктері бар. Алдымен білім алушыларға өз өңірлерінің халық әндерінің (қара өлеңдердің) белгілі үлгілері, немесе қазіргі кезде бүкіл аймақтарға ортақ Жетісу, Орталық Қазақстан, Алтай қазақтарының әндері беріледі. Мысалы, «Маусымжан», «Дедім-ай-ау», «Шилі өзен», «Әсем әнім сырнайдай», «Гүлдерайым» және т.б.

Бұл әндерде домбыра әннің әуенін қайталайды (қосарлайды). Аспапты жақсы меңгермеген білім алушыларға алғашқыда әнді жәй шертіп ойнауға болады. Бірінші кезеңде бұл жұмысты әр сабаққа 1-2 әннен тапсырып, үнемі өткізіп отыру қажет.

Батыс аймағының әндері бөлек тоқталуды талап етеді, онда негізінен домбыраның сүйемелдеуіне баса назар аудару қажет. Мұнда аккомпанемент әндерге сай кең диапазонмен, сәйкес ПАИК-термен (К.Шегебаевтың термині), төкпедегі екі дауысты фактурамен сипатталады. Әндерді орындау үшін жақсы дикция, өзіндік артикуляция қажет. Аккомпанементте «қара қағыс», «ілме-орама» қағыстар, сонымен қатар пунктир ырғақтар (пунктирные ритмы) жиі қолданылады.

Батыс Қазақстан өңірі әндері нотаға аз түсірілгендіктен (домбырамен), оларды тиімді үйрену үшін фонохрестоматия мен ауызша диктант жұмыс түрін қолданған дұрыс. «Ақ Айша», «Сәулем-ай», «Айтжан», «Ақ Ерке»(Ғ.Құрманғалиевтің) әндерін және т.б. ұсынуға болады.

Қара өлеңдерді меңгергеннен соң, жоғарғы сыныптарда оқытушы таңдауымен кәсіби әншілердің қарапайым әндерін тапсыруға болады. Сонымен қатар кіші эпикалық форманың, яғни терме, толғаулардың күрделі емес үлгілерін де беріп, материалды өздігімен тыңдауды тапсыруға болады.

Әндерді домбыраның құлағын дауысқа сай бұраламай, үш ладтық тұрақта (тіректе) айтуға болады (ре-ля, соль-ре, ля-ми). Мысалы,

«Замандас» әнін Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қ. Құлышева соль-ре тұрағында айтады, ал оны ре-ля тұрағында да айтуға болады.

Орындаушы және фонохрестоматия көмегімен білім алушылар өз дауысының диапазонына қарай өздеріне «лайықты» тональностті (ладтық тұрақты) таңдап, әр түрлі ладтық тұрақтарды қолдана отырып, әнді домбырамен сүйемелдеуді үйренуі тиіс.

Әртүрлі қағыстары бар ырғақтық формулаларды меңгеру. Музыкалық мысалдарды қолдана отырып, педагог білім алушылармен бірге домбыра музыкасындағы қағыстар мен ырғақтардың негізгі топтарын және олардың терминологиясын анықтайды.

Төкпе күйлер дәстүрінде қағғыстардың екі негізгі тобы бар, олар – «қара қағыс» пен «ілме қағыс» (шертпе күйлер дәстүрінде қағыс, ырғақ және ладтық жүйе жағынан Жетісу, Қаратау және Арқа локалды стильдерін ажыратады).

Қара қағыстың (бас бармақ пен сұқ саусақтың сыртқы жағымен ойнаудың) бірнеше нұсқасы бар:

- 1) «алма кезек» қағыс – төмен – жоғары – П-Ү-П-Ү;
- 2) «біркелкі» қағыс – барлық қағыстар төмен немесе жоғары жақа келетін – П-П-П-П-Ү-Ү-Ү-Ү;
- 3) «орама» қағыс – бір төмен екі жоғары – П-Ү-Ү;
- 4) аттары жоқ қағыстар – П-П-Ү-Ү, П-П-Ү-П, П-Ү-П-П, П-Ү-П-П-Ү, П-Ү-Ү-П-П.

Ілме қағыс көбінесе «орама» ырғағында, бірақ басқа қағыстармен орындалады, ондағы б дегенеміз – бас бармақпен жоғары, ал с дегеніміз – сұқ саусақпен жоғары.

Бұл қағыс нұсқасы Қазанғаптың күйлерінде жие кездеседі. Оның Маңғыстау домбыра дәстүрінде тараған бір түрі «адай қағыс» деп аталады (қағыстар туралы толық мәлімет А.Есенұлының еңбегінен табуға болады – 17. Осы еңбекте дәстүрлі аппликатура мен саусақтардың аттары келтірілген бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақ, атсыз саусақ және шынашақ).

Аталған қағыстардың ырғақтық көріністерінің ішінен төкпе күйлерде жие кездесетін келесі ырғақтарды атауға болады:

«біркелкі» (равномерный), «ақсақ», «түйдек», «орама», «теріс».

Күйлерде бұл қағыстар көбінесе әртүрлі үйлесімдерде кездеседі төменде түрлі мысалдарды қарастырып отырмыз.

1) Қағыстардың белгілі бір түрін үйретумен қатар педагог (үй тапсырмасы ретінде) білім алушылар алдына өз репертуарлардың ішінен немесе күйлердің жинақтарынан анық бір ырғақтық формулалар (ритмоформулалар) мен қағыстар бар күйлерді табу міндетін қояды.

2) Материалды бекіту үшін педагог әртүрлі ырғағымен белгілі бір қағыс нұсқасына, оны көрсете отырып, ауызша диктант (сынақхат) өткізуіне болады. Ол үшін жеке күйлерді немесе инструктивтік (арнайы

шығарылған) үлгілерді пайдалануға болады. Мысалы, алма кезек қағыс пен оның ырғақтық нұсқалары беріледі.

Ән түрлерін талдау. Әндерді талдаудан бұрын қазақтың өлең құрылысына (7) тоқтала кетіп, содан соң ғана барып өлең мен әуеннің өзара бір-біріне сәйкестігін табуға көшкен дұрыс.

Әдет-ғұрып әндерін талдау;

1) Жанрын анықтау.

2) Өлең мәтінін талдау:

семантикасы;

ықтимал стереотиптерді (жиі қайталанатын тіркестерді) табу;

өлеңнің жолындағы буындар саны мен олардың бунақтарға бөлінуін анықтау.

3) Музыкалық құрылымын талдау:

әуен диапазоның, оның ладтық – дыбыстық негізін анықтау;

ырғағын анықтау (қосылу, бөліну т.б.);

әуеннің ерекшеліктерін анықтау (жатақ, кенет өзгеріссіз, немесе керісінше; жиі немесе сирек кездесетін қайырымдар), әуезді (сазды) немесе речитативті.

4) Одағай сөздердің, буындардың бар-жоғы: бар болған жағдайда неге және не үшін қосылған (белгілі бір сөздің акценттігі, белгілі бір көңілді (эмоцияны) білдіру үшін, жолдың әртүрлі бөліктеріне біркелкілік беру үшін – егер жолдың бірінші бөлігінде сөз көп болып, екіншісінде аз болса, оған одағай сөз қосылады т.с.с.).

Лирикалық әнді талдау. Лирикалық әнді талдау да осы аталған өлшемдер бойынша жасалады. Оның бір ғана өзгешілігі – мұнда мелодиканың (әуеннің) бірінші жолдан төртінші жолға дейінгі дамуына: диапазонының қалай кеңейетіндігіне, ладтық өзгерістердің бар-жоғына, әннің дыбыстық шыңына (кульминациясына) қалай жетеді – кенеттен бе, әлде бірте-бірте ме және т.б. баса назар аудару қажет.

Халық-кәсіби әндерді талдау. Бұл жұмыс түрі оқытудың кейінгі кезеңдерінде жүргізіледі.

1) Әннің шығу тарихын анықтау. Аймағы, содан барып оның ерекшелігі де шығады.

2) Әннің жанры мен мазмұнын анықтау (арнау-ән, үндеу-ән, табиғат туралы ән, махаббат туралы және т.б.) Автобиографиялық ән бе?

3) Әнде қара өлеңдерден алынған өлең стереотиптерінің бар-жоғын немесе тек қана халық – кәсіби әндер стереотиптерінің болуын анықтау.

4) Мелодикасының (әуенінің) ерекшеліктерін анықтау:

1) Алексикалық буындар ма әлде лексикалық сөздер ме?

5) Алексикалық буындардың келесі түрлері бар:

жоғары тұрған бір ұзақ дыбыс (I, II жолдарда да болуы мүмкін);  
жоғарғы тониканы айту;

бірте-бірте жоғарғы тоникаға шығу;  
басқа сирек кездесетін типтер.

б) Әуеннің диапазоны қандай? Әдетте халық-кәсіби әндеріне т.8-ден жоғары және одан кең диапазондар тән.

7) Асинхрондық (өлең және әуен жолдарының сәйкес келмеуі) мына жағдайларда болуы мүмкін:

а) жолдардың арасында (мысалы: Ақан Серінің «Құлагер» әнінде 1 және 2 – жолдың арасында);

ә) куплет (шумақ) пен қайырманың арасында (Ақан Серінің «Құлагер» әнінде және Кененің «Қайран елім қайда» әнінде кездеседі).

8) Ырғағын анықтау. Халық – кәсіби әндердің ырғағы әдетте күрделі болып келеді. Егер де ырғақ қарапайым (жай) болса, композитор әнді қара өлең стилінде шығарған болуы мүмкін. Әндердің ырғақтық құрылымының ерекшелігі:

а) жолдағы буындар санын (7,8 немесе 11-буындық немесе басқа) және олардың бөлінуін анықтау. Мысалы, 7+4; 3+4+4; бір цезуралы 11-буындық өлең (Байғаскина бойынша (7)). Ерекше бөлінулер де кездеседі;

ә) өлең формасын анықтау – куплетті ме әлде басқа ма (мысалы, тирадалық – ақындық речитативтен эпикалық речитацияға дейін);

б) Музыкалық (әуендік) – мәтіндік ырғағын анықтау.

Әдетте ол:

барлық жолдары түйісу;

жолдардың бір-бірімен түйісу (көбінесе 1-ші және 3-ші немесе 2-ші және 4-ші жолдары түйіседі);

жолдардың басы ғана;

барлық жолдарда әртүрлі (әсіресе әуен речитативті болған жағдайларда);

басқаша да болып келеді.

Куплеттің (шумақтың) құрылымын талдау. Халық-кәсіби әндерде бір әуезді речитация түріндегі АВАВ, АААА, ААВВ және т.б, (куплет) шумақ түрлері кездеседі.

Қайырманың құрылымы мен оның түрін талдау. Одағай сөздердің бар-жоғын анықтау. Олар:

а) ән атауы сөз;

ә) алексикалық сөз;

б) куплет жолдарындағы өлең бунақтарының қайталануы;

в) әндету (распев) – түрінде болады.

Әуеннің қалай дамидынын, оның дамуының өлең мәтініне байланыстылығын байқау. Ән каденциясының мелодикалық (әуендік, саздық) жолы: әнге тән (бірте-бірте) немесе тән емес (кенет өзгертін) жол.

Музыкалық диктант. Музыкалық диктант дегеніміз – осы сольфеджио пәнінің бірден-бір маңызды, басты жұмыс түрі. Музыканы

қабылдаудың аналитикалық дағдылары қазіргі домбырашылардың кәсіби жұмысы үшін өте қажет нәрсе, сондықтан оларды дамыту музыкалық тыңдауды тәрбиелеу міндеті кіреді.

Сабақтарда өткізілетін диктанттар музыканттарға үйреншікті тембрмен домбырада ойналады. Материал Батыс және Шығыс Қазақстанның дәстүрлі күйлерін мен қазіргі авторлардың шығармаларын алынады.

Этносольфеджио пәні келесі диктанттар түрі қолданылады: өздік диктант, орындаушымен орындалатын диктант.

Өздік диктант көбінесе білім алушылармен істелетін жұмыстың бастапқы кезеңінде қолданылады. Ол техникалық, әуендік және композициялық жағынан қарапайым күйлердің бірін (мысалы, «Кеңес», «Жастар биі» халық күйлерін ) есте сақталғаны бойынша жазу болып табылады.

Алдымен күйдің қағыстарын нақты көрсете отырып, бір нұсқасын орындау керек. Содан соң білім алушылар аспапты қолдана отырып, оны нотаға жазуы тиіс. Педагог міндетті түрде ноталардың дұрыс жазылғандығын тексеруі керек. Алғашқы өздік диктанттарды (сынақхаттарды) сыныпта өткізген абзал, себебі бұл күйдің нотаға түсірілуінің дұрыс-бұрыстығын тексеріп, өлшем (метр) мен ырғақтағы қағыстардың белгіленуіндегі, фактура ерекшелігін көрсетудегі т.б. ұқсас қателерді көрсете отырып түзеуге мүмкіндік береді.

Келесі жұмыс кезеңдерінде өздік диктанттарды музыкалық есте сақтау, ішкі есту қабілеттерін, жазу техникасын дамытудың бір жұмыс түрі ретінде ұсынуға болады.

Орындаушы (иллюстратор) орындауындағы диктанттар пәнді оқу барысында өткізіліп отырады. Әсіресе олар дайындық, белгілеу кезеңде кеңінен қолданылады да, кейіннен:

- 1) жаңа тақырыптарды өту кезінде;
- 2) әртүрлі аспаптық мектептердің стилистикалық ерекшеліктерін тану кезеңдерінде де пайдаланылады. Бұл жұмыс түрі халық орындаушыларының дәстүрлеріне сай келеді. Мұндай тәжірибе аспаптың пернелерін, аппликатуралық-позициялық қол қойысты, ладтық тұрақтарды, буындардың бір-бірін алмастыруын т.б. көріп отыруға мүмкіндік береді. Бұл диктант түрі музыканы есту қабілеттерімен қатар ойнауды көзбен көріп қабылдау қабілетін де дамытады.

Диктанттар ауызша және жазбаша болып екі түрге бөлінеді. Жазбаша диктанттар күйді тыңдап қана емес, оның ойналуын көзбен көріп, оны нотаға жазу техникасын меңгерген жоғарғы сыныптардың білім алушыларымен өткізіледі.

Жазбаша диктанттарды алдын ала талдаумен өткізу керек, оған күйдің композициялық ладтық өлшем-ырғақтық, стилистикалық ерекшеліктерін анықтау кіреді.

Ауызша диктант орта сыныптарда негізгі жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. Күйді ауызша келтіру, яғни нотаға түсірмей-ақ, тындап және көріп қана қайталап ойнап беру есту қабілетін дамытудың дәстүрлі түрі болып табылады.

Дәстүрлі орындаушылардың тыңдау және ойнау, яғни күйді немесе оның белгілі бір бөліктерін бірнеше рет ойнаудан соң дұрыс қайталау қабілетін дамыту осы жұмыс түрін дұрыс орындауға байланысты.

Диктанттар стилі және құрылымы бойынша әртүрлі болады және оларды орындау барысында әртүрлі қиындықтар кездеседі. Диктанттардың негізгі түрлері мынадай:

1) белгілі бір ырғақтық өрнектерге немесе қағыстарға берілетін мысалдар;

2) сәйкес ладтық бағыттағы әртүрлі форма бөліктерінің үлгілері;

3) күйді толығымен меңгеру үлгілері.

Сәйкес ладтық бағыттағы әртүрлі форма бөліктерінің үлгілері берілетін диктанттар. Бұл жұмыс түрінің ерекшелігі – білім алушылардың күйді иллюстратордың (орындаушының) бірнеше рет орындағанынан кейін қайталап отыруы және де бұл жерде назарды оқушының жалпы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға, яғни күйдің әуенін ғана емес, қағыстары мен ырғақтарын да дұрыс келтіріп орындауына баса аударған жөн.

Форма бөліктерінің үлгілері берілетін диктанттар әдетте бас буыннан басталады. Осы жұмыс түрімен және бөліктерді іс жүзінде меңгерумен бірге педагогтың білім алушыларға олардың қысқаша талдауын өткізуі керектігін атап өту қажет. Бұл талдауға мына жұмыс түрлері кіреді:

1) ладтық тіректі анықтау;

2) көлемін анықтау;

3) ырғақтық өрнегі мен қағыстарын анықтау;

4) мелодикалық (әуендік) даму бағыты мен ерекшеліктерін анықтау;

5) үстіңгі (төменгі) «ре» ішегін ойнату.

Төкпе материалында өткізілетін диктанттарға мыналар кіреді:

1) Буындық форма: кілтегі си-бемоль немесе фа-диезі бар ре-ля, фа-диезі бар ми-ля болып келетін бастапқы ладтық тірегі бар күйлер. Диктант ретінде «Өттің, дүние» (Қазанғап), «Ыңғай төкпе» (Сүгір), «Жалды қара» (Есір), «Алатау» (Құрманғазы), «Қаражан ханым» (Дәулеткерей).

2) Бас буынды меңгергеннен кейін негізгі буынға диктанттар беріледі. Бұл бөлім күйдің интонациялық орталығы болып табылғандықтан, оны нақпа-нақ, дәлме-дәл келтіруге тырысу керек. Диктанттар ре-ля және ре-соль ладтық тіректерімен келетін тақырыптарды қамтиды.

3) Негізгі буынға берілетін диктанттардан соң сибемоль – фа, ля-ми, ре-ре ладтық тұрақтарымен келетін орта буынға берілетін диктанттар өткізіледі. Оларға берілетін күйлер: «Өтті - кетті» (Үсен төре), «Ел айрылған» (халық күйі), «Кербез ақжелең» (Қазанғап), «Қайран шешем» (Құрманғазы) және т.б.

4) Келесі жұмыс кезеңдері – ре-ля, ре-соль, ре-ре сазды – гармониялық тұрақтармен келетін 1-саға мен 2-сағаға берілетін диктанттар. Мұнда сынақхат үшін мына күйлерді ұсынуға болады: «Қыз ақжелең» (Дәулеткерей), «Он алтыншы жыл» (Дина), «Дүниеғапыл» (Баламайсан), «Арман» (Сейтек) және т.б.

5) Транспозициялы форма: кілтте белгі жоқ, фа-диезі, си-бемоль бар ре-соль (соль-соль) тірегі. Мұнда келесі күйлерді пайдалануға болады: «Жастар биі» (халық күйі, «Кеңес» (халық күйі), «Қазақтың қалмақ күйі» (халық күйі), «Қосалқа» - 1-2-ші түрі(Дәулеткерей), «Балбырауын» (Құрманғазы) және т.б.

Шертпе күйлер құрылымы бойынша төкпе күйлерден ерекше болып табылады, олардың бөлімдерге бөлінуі шартты болып келеді, сондықтан диктант ретінде кварталық құрылымда келетін ре-соль, соль-ре (мажор), ля-ми (минор) және теріс бұраумен – до – соль бастапқы форма бөлімдері беріледі. Мысалы, мына күйлерді беруге болады: «Қосбасар» (Мүкей), «Қосбасар» (Масығұт), «Керілме» (Сақбике), шертпенің ішіндегі «Аққулар» және т.б.

Күйлерді тыңдап және орындап меңгергеннен соң педагог күйді толығымен меңгеруге (орындауға) диктант беруі тиіс. Онда форманың даму ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет. Диктантқа арналған музыкалық мәтіндер: «Науайы» (халық күйі), «Жантаза» (Сейтек), «Кероғлы» (Дәулеткерей), «Нар идірген» («Баланың тартқаны» - халық күйі) және т.б.

Импровизация (суырып салма).Импровизация – этносольфеджио пәніндегі ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі.

Импровизация техникасын меңгеру халық аспаптары бөлімдері білім алушылары үшін ең маңызды нәрсе, себебі импровизация әрқашанда дәстүрлі музыка өнері иелеренің ерекше ойнау формасы болып табылған.

Білім алушылармен ең алдымен «жазусыз мәдениеттің болмысын қамтамасыз еткен канонға айналған форма кестесін, стереотивті ладтық-интонациялық тіркестерді, аппликатуралық – стереотиптік клишелер мен ырғақ формулаларын тануы тиіс».

Ең алдымен Батыс Қазақстандық күйлердің үлгі-кестелерін меңгеру керек, өйткені бұл форма ғасырлар бойы қалыптасып, әмбебап мағынаға ие болған және жалпы тілдік нормалар рөлінде белгілі болып табылады.

Құрманғазы атындағы консерваторияның гармония және сольфеджио кафедрасының оқытушылары құрастырған «Музыкалық жоғары оқу орындарының халық аспаптары факультеттеріне арналған сольфеджио пәнінің кешенді Бағдарламасында» берілген жаттығулардың ішінен музыка мектебінің білім алушыларына ең ыңғайлылары деп біз мына жаттығуларды санаймыз:

«Әртүрлі форма бөлімдеріне арналған импровизациялау жаттығуы»:

а) аппликатуралық стереотиптерді пайдалана отырып, орта буын бөліміне импровизация жасау;

ә) саға бөлімінде осы жаттығуды орындау – мысалы, күйді толығымен тыңдап, оның негізгі буынын меңгергеннен кейін (ауызша диктант ретінде) білім алушыларға орта буынның немесе сағаның өз нұсқасын шығару ұсынылады. Сонымен қатар күйде жоқ бөлімдерді шығару;

2. «Импровизациялау жаттығулары:

а) сыныпта жазылған ре-ля, ре-соль тіректерімен берілген диктанттардың тақырыбына импровизация жасау;

ә) қағыс-ырғақ формулаларына оқушылардың өздері шығарған тақырыптарға импровизация жасау. Соңғы жаттығу жоғарғы сыныптарда қолданылады.

Бұл тапсырмаларда күйлерді жалпы формасы, олардың «дамытушы» зоналарының (орта буын, саға) буындық түрдегі (ре-ля) аппликатуралық стереотиптері, транспозициялы формасындағы транспозиция техникасы меңгеріледі.

Қағыс-ырғақ формулаларына (ритмоформулы со штрихами) импровизация жасау. Бұл жұмыс түрі оқу барысында белгілі бір тыңдау және күй тарту тәжірибесі пайда болғаннан кейін, жоғарғы сыныптарда қолданылады. Алдымен білім алушыларға қара қағыстың әртүрлі қағыстармен және ырғақтармен келетін бірнеше нұсқасын беруге болады. Бұл жерде олардың алдына бас буын мен негізгі буынның ең қарапайым үлгілерін шығарып көру міндетін қою керек.

Содан соң білім алушылар ырғақтық және қағыстық формулаларды қатаң сақтай отырып, орта буын мен саға бөлімдерін шығаруы тиіс. «Қара қағыс» ырғақ формуласының бірнеше нұсқасын меңгергеннен кейін «ілме қағыс» нұсқаларына көшу керек те, жұмысты жоғарыда айтылған тәртіппен жалғастыру қажет.



Білім алушылар өз шығармаларын естеріне сақтап алған соң, оларға үй тапсырмасы ретінде шығармаларының тұжырымды нұсқасын нотаға түсіруді тапсыруға болады.

Білім алушылар орындаған бұл тапсырманы сыныпта өздерімен бірге тексеру қажет, себебі нота жазбаларындағы қателерді ұжым болып талдаған дұрыс. Ноталарды тексеріп, өз пікірін білдіргеннен кейін білім алушылар өздеріне ұнаған ең үздік шығармаларды атап, оларды бұдан былайғы жұмысында диктант ретінде және шығарманың тақырыбын дамытып, яғни оны әртүрлі бөлімдерге бөліп, импровизациялау үшін қолдана алады.

Сонымен, бұл жұмыс түрі басқа жұмыс түрлерімен, атап айтқанда, ауызша диктантпен, тақырыпқа импровизация жасаумен, тындап талдаумен астасып отырады. Біз көріп отырғандай, импровизацияға арналған музыкалық материал өте көп, оған күйлер, конструктивтік мысалдар, білім алушылардың өз шығармалары кіреді.

Ән импровизациясы білім алушылар өздері орындауы тиіс. Бастапқы кезеңдерде (1-2сынып) білім алушыларына жинақтардан немесе таспалардан әуендер беріліп, олар сол әуендерге жанрына сәйкес өлең құрауы керек.

Жоғарғы сыныптарда, керісінше, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырының өлеңі (мысалы, «жар-жар»), беріледі де, оған кішігірім диапазондағы өз әуенін шығару тапсырылады. Ең үздік шығармаларды (әуендерді) нотаға немесе магнитофон таспасына түсіріп алуға болады.

«Жар-жар» контесіндегі импровизацияны қыздар мен жігіттер арасындағы айтыс түрінде де өткізуге болады. Бұл ұжымдық жұмыс түрі. Педагог қыздарға бір әуен, жігіттерге бір әуен береді де, олардың әрқайсысына бір-бір шумақ өлең құрастыруды тапсырады. Бұл айтыс түрі «қайымдасу айтыс» деп аталады.

Айтыс тақырыптарын кеңейтуге де болады. Мысалы, жұмбақ айтыстар, бір-бірін сынау айтыс немесе жалпы білім деңгейін, оқу барысында білім тексеру айтыстарын өткізуге болады. Алдымен өлең шығару үшін белгілі бір қарапайым әуенді (мысалы, «Еркем-айды») беруге болады.

Бақылау сабағында барлық қыздар мен жігіттердің ғана емес, екі оқушының да айтысын өткізуге болады.

Сонымен қатар импровизацияға «Тойбастар» жанрын да қолдануға болады, онымен жұмыс істеу барысында білім алушылар әуенді де, өлеңді де өздері шығарып үйренуі тиіс. Ал ең үздік шығармаларды ауызша сынақхат (диктант) ретінде пайдалануға болады.

Бұл жұмыс түрін қолдану барысында білім алушылардың кәсіби білік-дағдылары ғана емес, адамгершілік қасиеттері де, эстетикалық құндылықтары да, жалпы дүниетанымы да қалыптасып отырады.

Қазақ мәдениетіндегі аспаптық сайысу дәстүрі. Тартыс – аспаптық суырып - салма өнерінің биік түрі.

Музыкатанудағы «күй айтысы» деген тіркес аспаптық және ақындық сайыстардың қатар дамып, бір-бірімен туыстастығына меңзеп тұрғандай.

Қазақтың халық аспаптары музыкасының негізі - күй. Ал, күй дегеніміз - адамның жан дүниесіндегі толғаныс-тебіреністерін, тарихи кезеңдердегі нақтылы оқиғаларды, табиғат болмысындағы көрініс құбылыстарды, тағы басқа сезімдік әсерлерді музыка тілімен бейнелеп көрсететін, бағдарламалы мазмұны бар, аспаптық шығарма.

Тартыс – аспаптық, яғни домбырада күй тартылып сайысатын қазақ музыкалық өмірінде кеңінен тараған дәстүр. Қазақ тілінің сөздігі бойынша: «тартыс» сөзі «Біреумен немесе бір нәрсемен жүргізілетін күрес, айқас, егес, талас» болып табылады.

Күй айтыстары тек әсем сазды күйлерді ғана дүниеге әкеліп қоймайды, сол күйлердің қалай дүниеге келгенін баяндайтын тамаша аңыз — әңгімені де туындатып отырады. Мұндай аңыз — әңгімелер өзінің деректілігімен, ширыққан оқиғасымен ерекшеленеді. Әсіресе, айтыс барысында тың күйді төгіп тастайтын арқалы өнерпаздың шеберлік — шалымы күй айтыстарына қатысты аңыз — әңгімелердің негізгі арқауы болып отырады.

Өскенбай Қалмамбетұлы шығарған «Жаңылтпаш» күйінің аңыз — әңгімесінде тарихта болған адамдар, олардың арасындағы туысқандық — достық қарым-қатынастар, жер-су атаулары, ол жерлердің аңы мен құсы, адамдардың қарым-қатынасындағы этнографиялық көріністер, ең соңында күйшілердің арқалы өнері, міне осының бәрі де тарихи деректілігімен, ақпараттық мағлұматының молдығымен назар аударады. Түптеп келгенде, күй айтыстарына байланысты айтылатын аңыз-әңгімелердің өзекті бір ерекшелігі де осы болса керек.

Жалпы өнер жарысының, оның ішінде күй айтысының дәстүрге айналуы өнерпаздардың кемелдігін танытып қана қоймайды, ең мәндісі халықтың рухани мәдениетінің кемелдігіне де айғақ. Өнері бүкілхалықтық өмір салтқа ұласқан ел рухани бәсекені дәстүр етеді. Мұндай дәстүр әдетте мемлекеттік нұсқаудан ада, саяси науқаннан тыс, халықтың табиғи-рухани сұранысымен, шынайы демократиялық сипатта өтеді. Бұған күй айтысы жарқын айғақ бола алады.

Күй айтысының қазақ арасында ежелден орныққан екі түрлі үлгісі бар. Оның біріншісін — «қара тартыс», екіншісін — «түре тартыс» немесе «қайым тартыс» деп атайды.

Түре тартыстың шарты бойынша, бірінші адам тартқан күйді екінші бәсекелесі айнытпай қайталап тартып отыруы керек. Күй айтысының осы екінші үлгісі мейлінше қиын болғандықтан, кезекке таласып қалатын жағдай жиі кездесіп отырған.

Кейбір күйшілер түре тартысты бастау құрметіне ие болса да, мінез көрсетіп, қарсыласынан күй тарту тәсілін жасыру үшін киіз үйдің іргесін түргізіп қойып, керегенің екі жағында айтысатын болған.

Сөз орайында «күй айтысының үлгісі» деген тіркестің әдейі қолданылып отырғанын ескерте кеткен жөн. Ауызекі сөзде күй айтысының қара тартыс және түре тартыс болып бөлінуін «күй айтысының түрлері» деп те айта беретіні белгілі. Алайда, «күй айтысының түрлері» деген тіркестің басқа мағынада қолданылатыны төменде сөз болады.

Әдетте, күй айтысы алқалы жиында, ас берілгенде, ұлы дүбір тойда алдын ала дайындалып келіп өтетін болса, төреші белгілейтін дәстүр бар. Сөз жоқ, төрешінің өзі де күй тарта алатын, білікті адам болуы шарт. Мұндай күй айтысында алдымен күй тарту кезегі төрешіге беріледі. Мұны «бата тартыс» немесе «күй шақыру» деп атайды. Бата тартыс, біріншіден — төрешінің күй жайын білетін лайықты адам екенін танытса, екіншіден — күй айтысына түсетіндердің шабытын шақыру үшін қажет.

Домбырашылық өнерде квинтадан кейін келетін секста қатынасып шынашақты жарты тон жоғары жылжыту арқылы алу дәстүрлі тәсіл болып саналады.

Мұнда (яғни, секстадан квинтаға өту) секста бас бармақпен шынашақтың арасындағы шынашақты жарты тонға жылжуы арқылы алынады, ал квинта шынашақтың артынан бас бармақты жарты тонға жылжыту арқылы алынады.

Бас буында ең карапайым ырғақтық-интонациялық цитаталармен қатар бас буынның бүкіл ківарталық аймағын қамтитын жетілген әуендік құрылымдар кездеседі. Мысалы, «Екіндіде ел іздеген» күйінің бас буыны 13 тактыдан тұрады. Ал «Өттің, дүние» мен «Әләйлім жалған» күйлерінің бас буындары 25 тактыдан тұрады.

Есбай күйлерінің елеулі еірекшеліктерінің бірі — ондағы әуеннің екі сатылық принципке құрылатындығы. Мысалы «Өттің дүние» күйінде бас буын әдеттегідей «ре — ля» аймағында ойналады да, содан кейін өзгермеген күйі «ми — си» аймағына аустырылады.

«Әләйлім жалған» күшінде «ре — ля» аймағында ойналған әуен енді көршілес «ми — си» регистріне емес, одан аттап кетіп «фа — до» аймағында ойналады.

Бас буынның ырғақтық-интонациялық материалын осылайша түрлі сатыда ойнау тәсілі Есбайдың, кіріспе бөлімнің регистрлік аясын кеңейту мақсатынан туындаған. Бас буынның мұндай құрылымы басқа күйшілерде де, мысалы, Дина Нұрпейісовада кездеседі. («Майдандағы балама» күйін қараңыз). Бірақ оларда бұл кезейсоқ тәсіл, ал Есбай шығармашылығында оның дара қолтаңбасының ең басты сипаты.

Кейбір күйлерге тән ерекшелік — оларда бірінші сағаның кульминациялық аймағы жоқ. Мысалы: «Ел айырған», «Кеңес», «Терісқақпай».

Есбай машығының даралығы өлшемдік-ырғақтық деңгейінде де кездеседі. Түрлі домбырашылардың орындауындағы Есбай күйлері ең алдымен осы өлшем және ырғақ арқылы тұтасады.

Сол себепті Батыс Қазақстан күйлеріндегі әуен міндетті түрде төменгі ішектің («ре» ішегі) қатысуында өрбиді. Алайда, кейбір шығармаларда екі ішектің екеуі де шертілгенімен бір дауысты әуен есіп отырады. Бұл төменгі ішекті тұтып қалу арқылы іске асырылады. Бұл тәсіл «тұтпа қағыс» деп аталады. Құрманғазының «Серпер» күйінде осы амал пайдаланылады. Күйдің бір тұсында бір дауысты әуен төменгі ішекте («ре» ішегі) орындалады. Әуен ажарлы шығу үшін оң қолдың білек буынымен қадай қағылады. Осы сәтте сол қол төменгі («ре» ішегі) ішекте өрнек салумен қатар үстінгі ішекті («соль» ішегі) тұтып отырады.

Келтірілген мысалдағы белгілер төменгі ішектегі әуеннің, оң қолдың сұқ саусағының жоғарғы қағысымен орындалғанын, ал үстінгі ішектің үнсіз қалатынын көрсетеді. Бір ішекте ойнаудың мұндай амалдары негізінен Есбай күйлерінде ғана кездеседі. Есбайда жалғыз дауысты әуенді талдаудың ешкімге ұқсамайтын мүлдем ерекше амалдары кездеседі. «Теріс қақпай» күйінен бір мысал келтірейік:

Және бір айта кететін нәрсе, Есбай күйлеріндегі жалғыз дауысты әуен қандай биікке көтерілсе де ешқашанда екінші ішекке көшпейді (ал бір ішектен екінші ішекке ауысып кету оңтүстік-шығыс Қазақстандағы шертпе күй мектебінде — әдепкі жағдай).

Атауы орындаушылықтың амал-тәсілдерін сипаттайтын Есбай күйлерінің ішінде «Теріс қақпай» және «Теріс баспай» күйлерін ерекше атаған жөн. «Теріс қақпай» атты күйлердің көптеген күйшілерде кездесетіндігі және бұл атаудың оң қолдың «теріс қағысын» сипаттайтыны белгілі. Мұнда әдетте синкопаланған ырғақ пайда болады. Техникалық ерекшеліктер жөнінен басқа күйлерден бөлектеніп тұратын күйлердің бір парасы «Теріс қақпай» аталатын күйлер.

Кетбұғаның «Теріс қақпайы», Құрманғазының «Теріс қақпайы», Байжігіттің «Теріс қақпайы», Есбайдың «Теріс қақпайы», Нұрғисаның «Теріс қақпайы». Бұл күйлерде қатаң дыбыстар мен ұяң дыбыстардың композициялық пропорциялары (ара қатынастары) басты мақсат болып табылады.

«Теріс баспай» күйінде Есбай ешкімде кездеспейтін сол қолдың кестесін пайдаланады (айта кету керек, бұл тәсіл кейіннен Қазанғаптың әйгілі «Ысырма» күйінде қайтадан жаңғырды).

Бұл тәсілдің ерекшелігі, төмендегі келтірілген мысалдағы, әрбір лигаланған екі квартаның алғашқысы әдеттегідей бас бармақ және ортаңғы саусақпен алынбай, керісінше, сол қолдың жалғыз сұқ

саусағымен алынатындығында. Және бұл жерде сұқ саусақ бір пернедегі екі ішекті әдеттегі позициядан, яғни мойынның астынан келіп алмайды, мойынның үстінен түсіп басады. Күйдің бұл тұсын орындаудағы кілтипан, домбыра сағасында сол қол саусақтарының позициясын жылдам ауыстырудың қиындығында жатыр:

«Теріс қақпай», «Теріс баспай» бұл екі күй де өте күрделі. Біздің ойымызша Есбай бұл күйлерде жастық шаққа тән ойды бейнелеген болуы керек. Күйдің аса шытырман болып келуі, домбыраның асқына сөйлеуі осыған меңзейді. Аталмыш күйлер хақында біз, осы бөлімнің бірінші — Есбайдың өмірбаяны туралы тарауында айтып кеткенбіз. Таратып айтатын болсақ, алты күй — Есбайдың ахиреттік өмір табалдырығында тұрғандағы есебі сияқты.

